

13 ҚЫРКҮЙЕК,  
2025 ЖЫЛ,  
СЕНБІ  
№100 (23 569)

1931 жылдын  
4 қазанынан бастап шығады



# ORTALYQ QAZAQSTAN

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Қарағандының  
қазынасы  
ортаймайды



3-бет

Денсаулыққа  
дем берді



4-бет

Балқаш  
қызы  
топ жарды



8-бет

## Жаңғыру жолындағы жауапкершілік

«AMANAT» партиясының облыстық филиалында депутаттық фракцияның кеңейтілген отырысы өтті. Мұнда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру, «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» атты сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасы, сондай-ақ, фракция мүшелерінің сан-салалы қызметі қоса талқыланды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Партиялық пәрмен

Мән-маңызы жоғары келелі басқосуға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов, облыс әкімінің орынбасарлары, облыстық басқармалар басшылары, қала және аудан әкімдері, мәслихат төрағалары, фракция мүшелері, өңірлік штаб мүшелері, партияның аумақтық филиалдары өкілдері, саяси кеңес мүшелері, партия жанындағы кеңес мүшелері, партиялық бақылау комиссиясы мүшелері қатысты. «AMANAT» партиясының облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков Мемлекет басшысы бастамашы болған парламенттік реформаның маңыздылығына ерекше тоқталып өтті.



► 2-бет

• «АУЫЛ БЕРЕКЕ – 2025»


## Дала дәмі қалада

Күзде астық жиналып, қамбалар толады. Ауыл шаруашылығы саласының өкілдері осы уақытта Қарағандының түпкір-түпкірінде ұйымдастырылған жәрменкелерде өз өнімдерін саудалайды. Бұл үрдіс биыл да жалғасады. Кеншілер шаһарындағы «Ауыл берекесі – 2025» алғашқы жәрменке бүгін басталды.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауыл шаруашылығы саласы өкілдерінің бірінші жәрменкесі Global City сауда-ойын-сауық орталығының аумағында өтуде. Жәрменке алдағы уақытта қыркүйек айының 20, 27 күндері де ұйымдастырылады. 4,18 қазан және 1 қараша күндері де өтеді.

Жәрменкелерде жергілікті ауыл шаруашылығы өнімдері, ет-сүт тағамдары және өңір өндірушілерінің тауарлары орташа нарықтық құннан төмен бағамен саудаға шығады. Жәрменке өтетін аумаққа арнайы маршруттар ұйымдастырылады.



• 14 ҚЫРКҮЙЕК – ОТБАСЫ КҮНІ

## Берекенің бастауы

Жер бетінде адамзат жаралғалы пенде баласы түрлі қауымдастыққа бөлінді. Соның ең баяндысы мен аяулысы отбасы болса керек. Отбасы – адам қоғамының қалыптасуымен бірге пайда болып, әлеуметтік институтқа айналды. Мемлекеттік бірліктің түп тамыры да, қазағы да отбасында жатыр. Сондықтан да, ұлы қазақ «Отан – отбасынан басталады» десе керек. Әр елдің өзіне тән отбасы құндылықтары бар. Ал, қазақ отбасының құндылығы неде?

Отбасының бақытты болуына, айрандай ұйыған шаңыраққа айналуына мемлекет қандай қолдау жасайды?

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Құны да, мәні де зор

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әрбір адам үшін ұшқан ұясының орны бөлек. Өскелең ұрпақтың отбасында тәлім-тәрбие алып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруі өте маңызды. «Отан отбасынан басталады» деп бекер айтылмаған. Салт-дәстүрге құрмет те, туған елге сүйіспеншілік те қасиетті қарашаңырақтан бастау алады», – деген болатын «Отбасы күні» мерекесіндегі құттықтау сөзінде.

Расымен де, әрбір адам үшін



өзінің өсіп-өнген шаңырағы, өзінің тулеп ұшқан ұясы – дүниедегі ең аяулы ортасы болып қала бермек. Қай елде де отбасының құны мен мәні жоғары. Бұл тұрғыда елімізде отбасылық құндылықтарды, туысқандық қатынасты нығайтуды, отбасы мүшелерінің бір-біріне қамқорлығын арттыруды көздейтін «Отбасы күні» мерекесі атап өтіледі. 2013 жылы «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер» туралы Жарлыққа өзгеріс енгізіліп,

«Отбасы күні» қыркүйек айының екінші жексенбісіне белгіленіп, алғаш рет тойланған болатын.

### Нуклеарлы отбасы қандай отбасы?

Отбасы – адам баласының дүниесігін айқара ашқан сәттен бастап енетін үйі, тәрбиеленетін жылу ошағы, орнын ешнәрсемен алмастыра алмайтын ең алғашқы ұжымы. Қай кезде де, отбасының ұр-

пақ тәрбиесіне ықпалын ештеңенің күшімен өлшеуге келмейді. Қоғамдық тәрбиенің өзі осы отбасылық тәрбиеден бастау алады.

Отбасынан бөлек, кез келген білім беру ошағында отбасы құндылығы насихатталып, тәрбие беріледі. Мәселен, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде студенттер ата-аналық әлеуметтану, адам әлеуметтануы пәндерінен сабақ өтеді. Саясаттану және әлеуметтану кафедрасының меңге-

рушісі, әлеуметтану ғылымдарының докторы Жанар Сапарғалиқызы «Қоғамның әлеуметтік институт ретінде отбасы ұрпақтан-ұрпаққа құндылықты тасымалдап жеткізуші» деді. Қоғамның әлеуметтік имунитеті ретінде студенттерге тарих пен мәдени мұраны сақтау насихатталады екен.

– Қазақ халқы үшін отбасы құндылығының мәні жоғары, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, көз қарашығындай сақтап келеді. Алайда, бүгінгі күні урбанизация және цифрлану заманында отбасы рөлінің өзгеріске ұшырағанын көрудеміз, – деді оқытушы.

Оның айтуынша, отбасы құндылығының рөлі заман ауысқан сайын өзгеріске ұшырауда. Бұрын отбасы мүшелерінің барлығы бір шаңырақ астынан табылса, қазір қалаларға көшу нәтижесінде нуклеарлы отбасы (тек ата-ана мен балалар) пайда болды. «Бұл жастардың ата-анадан тәуелсіз шешім қабылдауына мүмкіндік берсе де, ұрпақтар арасындағы байланысты әлсіретеді. Қазіргі уақытта бір үйдің ішінде ата-анасы мен балалары арасында жылу жоқ, тек телефонмен ғана цифрлық жақындық бар. Бұл адамның шынайы қарым-қатынасын жоюға, жалғыздыққа келеді. Сондықтан, цифрлық тәуелділіктен арылып, аптаның бір күнін отбасы күніне арнау қажет», – деген маңызды ой айтты Жанар Сапарғалиқызы.

► 5-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 629.53

• USD/KZT 538.89

• RUB/KZT 6.34

• CNY/KZT 75.65

Қазақстан Ұлттық Банкінің  
12 қыркүйек, 2025 жылғы дерегі бойынша



## Өркениетке өрлеу жолы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған биылғы дәстүрлі Жолдауын барша жұртпен бірге тыңдап, елдің келешектегі дамуын, жан-жақты айқындаған құжат екеніне көзіміз жетті. Жолдау – өркениетке өрлеу жолы екені санамызға құйылды.

«Қазіргі заман бұлыңғыр, тұрақсыз болса дағы, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық» дей келе, «Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажет» деп қадап айтты. Саладағы өзекті мәселелердің шешімін табуы мемлекет азаматтарының өмір сүру сапасына ғана емес, сонымен қатар, халықтың азықтүлік қауіпсіздігіне де зор ықпал етеді. Кейінгі 2023-2025 жылдары облысымызда инвестициялық тың жобалар іске асуда. Ауылдағы шаруашылықтар ақылды технологияға жүгіне бастады. Ауданның ауыл шаруашылығы саласына салатын инвестиция көздері жылдан-жылға өсіп келеді. Былтыр ауыл шаруашылығына 2,7 млрд теңге инвестиция салынды. Биыл бұл көрсеткіш 9,0 млрд теңгеге көтеріледі. Бүгінгі күнде 3,7 млрд теңге игерілді. Оған Красная Поляна, Ақой округтеріндегі «Шерубай-Су» ЖШС және «Ордабасы» ЖШС және басқа округтердегі шаруалар су қондырғылары мен асыл тұқымды мал сатып алды. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша «Сарыарқа» ӘКК арқылы 2,5 пайызбен 15 шаруа нысанына 147,7 млн теңге несие беріліп, оған ауыл шаруашылығы техникасы мен қосалқы бөлшектері, асыл тұқымды мал алынды.

Ауданның ауыл шаруашылығының негізін ұсақ шаруа қожалықтары құрайды. Олардың қолындағы техника ескірген, тозығы жеткен, көбісі 20 жылдан аса пайдалануда. Шаруашылықтарды жаңа технологияға енгізіп, еңбек өнімділігін арттыру және өндіріске білікті мамандарды тарту мәселесі де жүйелі.

Президент: «Жер – стратегиялық ресурс. Оның бар игілігі елді дамытып, халықтың тұрмысын жақсартуға арналуы керек» деп, бұл маңызды мәселеге мән берді. Жерді игеру, ұтымсыз пайдаланып жатқан жерлерді қайтару, оларды айналымға қосу жайттары да кезең-кезеңмен шешімін табуда.

Мемлекет басшысының Жолдауының жүгі жеңіл емес. Оны орындауға әр қазақстандық, оның ішінде, жастар білімі мен біліктілігін аянбауы керек.

Боранбай ЖҰМКИН,  
Шет ауданының Құрметті азаматы

Шет ауданы

• ОРАҚ – 2025

## Науқан найқалуды көтермейді

Облысымыздың астықты өңірлерінің бірі – Бұқар жырау ауданы. Мұнда биылғы көктемгі егіс науқанында 129,7 мың гектар алқапқа дәнді дақылдардан бидай, арпа, сұлы тұқымдары себілген болатын. Кешегі күнге дейін бұқаржыраулық дикандар сол егістік алқаптарының 77,6 мың гектарының егінін орып, бастырып, орта есеппен гектарына 8 центнерден өнім алууда.



Сурет ұйымдастырушылардан

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сондай-ақ, аудан шаруашылықтары осы көктемде 1940 гектарға картоп, 239,6 гектарға көкөніс, 5,2 гектар жерге майлы дақылдар тұқымын отырғызған еді. Соңғы мәліметтер бойынша 60,3 пайызы жиналған картоп егістігінің әр гектарының түсімі 250 центнерден болса, көкөніс алқабының әзірге 10 пайызынан 260 центнерден, ал майлы дақылдардың бір гектарынан 700 центнерден өнім алынған.

– Сонымен бір мезгілде жаздың басынан бері малдың қысқа қажет жемшөбін қамдау да қатар жүргізіліп, аяқталып та қалды, – дейді Бұқар жырау аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Манат Құрманғалиев. – Яғни, бүгінге дейін 254 мың тонна шөп шабылып (жоспардың 96,9 пайызы), соның 226 мың тоннасы тиісті жерлеріне жеткізілсе, жоспарлы 4 мың тонна пішендеменің 3,2 мың тоннасы, 56,8 мың тонна сабанның 15 мың тоннасы әзірленді.

Енді аудан еңбеккерлері әрбір ашық күнді пайдаланып, осы кезеңге белгіленген жұмыстарды орындауды жауын-шашын мен қарлы суыққа ұрындырмай, соған қосымша 3 мың тонна сүрлем мен 120 мың тонна жемазығын даярлап, келер жылдың егініне қажет тұқым құйып алуды ойлап отыр. Одан әрі күзгі жиын-терім науқаны найқалуды көтермейді.

Бұқар жырау ауданы

## Жаңғыру жолындағы жауапкершілік

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Парламенттік реформа – елдің саяси жаңғыруының жаңа кезеңі. Бір палаталы Парламент жағдайында саяси бәсеке артып, әрбір партияның жауапкершілігі күшейеді. Сондықтан, облыстық филиалдың барлық құрылымдары бұл өзгерістерге жүйелі дайындықты бүгіннен бастауға тиіс, – деді Бекзат Қомарұлы.

Кеңейтілген отырыста әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру мен өңірлік Жол картасының орындалуына да назар аударылды. Ұсынылған ақпаратқа сәйкес, биылғы жылдың 8 айында 136 тармақтың 29-ы орындалса, 107-сі орындалу үстінде. Оның 14-інің орындалмай қалу қаупі жоқ емес. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Жол картасын іске асыру барлық деңгейдегі билік пен депутаттық корпусың жауапкершілігін талап ететінін атап өтті.

– Жол картасын орындау – формальді міндет емес, ол тікелей азаматтарымыздың өмір сапасына әсер ететін нақты жұмыс. Әр тармақтың толық орындалуы шарт. Ал, жауапты басшылар мен депутаттардың жеке жауапкершілігі атаулы жұмыста шешуші рөл атқарады.

Бекзат Алтынбеков партия жұмысының тиімділігі халықпен тығыз қарым-қатынасқа байланысты екенін де қаперге салды.

– «AMANAT» тек саяси институт ғана емес, нақты істердің қозғаушы күші болуы тиіс. Біздің міндетіміз – халыққа жақын болып, олардың сұраныстарына жедел жауап беру, кері байланысты күшейту және әлеуметтік бағдарламалардың сапалы орындалуын қамтамасыз ету, – деп ой тұжырдды спикер.

Отырыста «Таза Қазақстан», «Қарызсыз қоғам», «Жер аманаты» партиялық жобаларының, «Жастар рухы» жастар қанаты мен әйелдер қанатының жұмысы да ыждаһатты қарастырылды. Депутаттардың барлық деңгейде осы жобаларды жүзеге асыруға белсенді қатысуы межелі мақсаттарға қол жеткізуге әрі халық сенімін арттыруға мүмкіндік беретіні баса белгіленді.

Бүгінде ел арасында құқықтық



– «AMANAT» тек саяси институт ғана емес, нақты істердің қозғаушы күші болуы тиіс. Біздің міндетіміз – халыққа жақын болып, олардың сұраныстарына жедел жауап беру, кері байланысты күшейту және әлеуметтік бағдарламалардың сапалы орындалуын қамтамасыз ету.

сауаттылық артып келеді. Азаматтардың заңға деген көзқарасы, құқығын қорғауға бейілдігі мен белсенділігі күннен-күнге күшейіп келеді. Құндылықтар жаңарып, сана жаңғырып, азаматтық ұстаным нығайды. Бұрын үнсіз қалып, күрмеулі мәселені ішке бүккен жұрт қазір өз құқығын талап етіп, билікпен кері байланыс орнатуға құлықты. Қоғамдық және саяси болмысымыздың, ұлттық менталитет пен мәдени кодтың түбегейлі трансформацияға ұшырауы – тарих сахнасындағы шынайы бетбұрыс. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі өзінде Әділетті Қазақстанның негізі қаланып жатыр. Халық үнін тыңдайтын, талабын ескеретін жаңа билік пен жаңарған қоғам – бүгінгі күннің бас жетістігі.

### Жол картасының жоралғысы

Геосаяси тұрақсыздық пен әлемдік шиеленістерге қарамастан, Қазақстан бейбіт өмір мен эволюциялық дамудың даңғыл жолын берік ұстанып келеді.



Алайда, тұрақты даму тек саяси-экономикалық көрсеткіштермен өлшенбейді. Қоғамның өркениеттік деңгейі, ең алдымен, табиғатқа деген көзқарасынан байқалады. Экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігіне айналды. Осы орайда, елімізде бастау алған «Таза Қазақстан» жалпыхалықтық экологиялық акциясы ұлттық сана мен ұрпақ алдындағы жауапкершіліктің көрінісі ретінде бағалануда. Биылдың өзінде өңірде мыңдаған гектар жер тазартылып, 70 мың тоннадан астам тұрмыстық және өндірістік қалдық жиналды. Табиғатты аялау – ендігі жерде әр кәсіпкердің, әр мекеменің, әрбір азаматтың борышы.

– 2023-2025 жылға арналған Жол картасының жүзеге асу барысын талқылады. Оның барлық бағыты халықтың әл-ауқатын жақсартуды мақсат етеді. Оның ішінде, медицина тақырыбын алсақ, мәселен, ауылға білікті жас мамандарды тарту қолға алынған. Бұл жерде басты мақсат – тергеп-тексеру емес, бірлескен жұмыс арқасында елдің дамуына үлес қосу. Мемлекет басшысы Жолдауы аясында

Сүт өнімдері мен еттің өзін түрліше өңдей отырып, мейлінше тәуелсіз де тәуменсіз болу үшін әлі де қарманыс қадамдарын ұлестыра түскен әбден маңызды. Мемлекет басшысы космомониторинг технологиясын қолдану қажеттігін де алға тартты. Өйткені, әл-әзірдің өзінде де иен жер телімдері құр жатыр. Біздіңше ауыл шаруашылығы келе-келе, бара-бара экономикамыздың негізгі драйверіне айналмағы ләзім.

өтті. Ал, «Жер аманаты» комиссиясының жұмысы – ауыл шаруашылығы саласындағы әділдік пен тиімділіктің жарқын мысалы. Комиссия жұмысы басталғалы бері Қарағанды облысында 1 миллион 956,2 мың гектар пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдері мемлекет меншігіне қайтарылды. Бүгінгі таңда мұндай қадамдар ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыруға, жер ресурстарын әділ әрі ұтымды пайдалануға нақты негіз болуда.

### Өсім өрісінде

Өңірде экономикалық өсім қарқын алуда: өндіріс, инвестиция және ауыл шаруашылығы жоғары деңгей-дәрежеде дамып келеді. Өңірде экономикалық өсімді қамтамасыз ету бойынша ауқымды және жүйелі жұмыстар

– Агротала өкілі болғандықтан ба екен, Мемлекет басшысы Жолдауында атап өткен ауыл шаруашылығының жаңа деңгейдегі даму үрдісіне терең мән бере тыңдадым десек, болады. Биыл баршасына аян, осы салаға триллион теңге көлеміндегі қомақты қаражат сарп етілген еді. Иә, бір қарағанда қомақты сома болып көрінгенімен, өзге көршілес мемлекеттермен бәсекелесе алатындай болмағымыз да шарт. Мәселен, сүт өнімдері мен еттің өзін түрліше өңдей отырып, мейлінше тәуелсіз де тәуменсіз болу үшін әлі де қарманыс қадамдарын ұлестыра түскен әбден маңызды. Мемлекет басшысы космомониторинг технологиясын қолдану қажеттігін де алға тартты. Өйткені, әл-әзірдің өзінде де иен жер телімдері құр жатыр. Біздіңше ауыл шаруашылығы келе-келе, бара-бара экономикамыздың негізгі драйверіне айналмағы ләзім, – деп пікір үстеді облыстық мәслихат депутаты Игорь Жабяк.

Өңірге тартылған инвестициялар көлемі 644,7 миллиард теңгеден асты. Өткен жылы 29 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылып, жалпы сомасы 195 миллиард теңгеге жуық қаржы жұмсалды. Осы жобалар шеңберінде 2 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылатын болады, бұл өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын одан әрі нығайтады.

### Алуан пікір, бір мақсат

Отырыс қорытындысы бойынша фракция депутаттарына және басқарма басшыларына Жол картасының орындалуына бақылауды күшейту, ұсыныстарды уақытылы орталық аппаратқа жолдау және сайлаушылармен жұмыста белсенділікті арттыру жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Келелі жиынға қатысушылар жарқын мақсаттар мен нақты міндеттерді белгілеп, жауапкершілікті одан әрі арттыру қажеттігін түйсінді. Жиналғандар Жол картасының әрбір тармағын мұқият талдап, халық алдындағы аманатты адал атқару – партияның басты ұстанымы екенін тағы бір мәрте атап көрсетті. Басқосу сындарлы пікір алмасудың, жаңа бастамалардың һәм тың идеялардың ұштасқан алаңы болды. Әрбір депутат, әрбір басшы өзіне артылған сенім мен міндетті жете түсініп, өңірдің өркендеуі жолындағы қызметін жаңа деңгейге көтеруге ниетті. «AMANAT» партиясы үшін бұл – саяси ұстанымнан гөрі, халықпен бірге атқаратын нақты іс пен жауапкершіліктің көрінісі. Әрбір шешім, әрбір қадам қоғамның әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Өңірдің даму қарқыны, экологиялық тазалық пен цифрлық сауаттылықтағы оң ілгерілеулер, агросаланың жаңғыруы – бәрі осы біртұтас мүдденің жемісі. Жол картасының жүзеге асуы – әрбір тұрғынның өмір сапасына тікелей ықпал ететін маңызды жұмыс. Сондықтан да, фракция мүшелері мен басқарма басшыларына бекітілген нақты тапсырмалар – билік пен халық арасындағы сенімді нығайтудың, елдің бірлігі мен тұрақтылығының кепілі.

Суреттерді түсірген  
Александр МАРЧЕНКО

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫНДА

# Қарағандының қазынасы ортаймайды

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XXVIII сессиясы өңір үшін маңызды шешімдерге толы болды. Облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов бастаған депутаттар мен атқарушы билік өкілдері халық игілігіне бағытталған 17 өзекті мәселені талқылап, нақты шешімдер қабылдады. Атап айтқанда, 2025–2027 жылдарға арналған облыстық бюджет нақтыланып, бірқатар әлеуметтік жөнілдіктер кеңейтілді. Комиссиялар құрамы жаңарып, басқарушылық құрылымдар күшейтілді.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Үнемделген қаражат қайда жұмсалады?

Мәслихаттың кезектен тыс сессиясында қаралған маңызды мәселенің бірі 2025–2027 жылдарға арналған облыстық бюджетті нақтылау болды. Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов бюджет өзгерістерінің кең көлемде талқыланып, тиісті органдармен жан-жақты пысықталғанын атап өтті.

Экономиканың нақты секторына бөлінген қаражат бюджет нақтылануының өзегіне айналды. Жалпы бөлінген қаражаттың 90,5%-ы маңызды бағыттарға бағытталды.

Атап айтсақ, су, жылу және газбен жабдықтау жүйелерінің құрылысы мен жаңғыртылуы, әлеуметтік сала, тұрғын үй құрылысы және оған қатысты инфрақұрылымды дамыту.

Сонымен қатар, өндірістік бизнес пен кәсіпкерлікті қолдау, агро-өнеркәсіп кешені, әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалы және ветеринария саласындағы іс-шараларды қаржыландыру жалғасуда.

Бюджет нақтылау шеңберінде әлеуметтік блокқа жалпы облыс бюджетінің 4,2% пайызына тең қосымша қаржы бөлінді. Бұл қаражат білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт және ішкі саясат салаларындағы нысандарды жыл соңына дейін ұстауға, осы мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға және жөндеу жұмыстарына бағытталды.

Ал, 2,8% шығындар ішкі істер органдары мен төтенше жағдайлар департаментін қолдауға бөлінді.

Сессияда айтылғандай, бюджетті нақтылау барысында Үкімет Қау-

лысына сәйкес қаражатты оңтайландыру жүзеге асырылып, бұл шара өңір деңгейінде резервтер қалыптастыруға мүмкіндік берді.

## Бюджетті нақтылаудың басты бағыттары

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Дулат Ашкенов бюджетті нақтылауда негіз болған қаржы көздеріне тоқталды.

– Олар – кіріс бөлігіндегі жоспарлық көрсеткіштердің өзгеруі, мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару арқылы алынған қарыздар, бұрын бөлінген несиелердің мерзімінен бұрын қайтарылуы, кейбір бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстарының қысқаруы. Нақтылау нәтижесінде бөлінуге жататын қаражаттың жалпы көлемінен 74%-ы экономиканың нақты секторын дамытуға бағытталмақ, – деді басқарма басшысы.

Дерекке сүйенсек, бөлінген қаражаттың арқасында өңірдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсартуға бағытталған келесі маңызды жобалар жүзеге асады. Нақтырақ айтсақ, Абай, Қарқаралы және Осакаров аудандарында су құбыры желілерінің құрылысы аяқталады. Абай ауданындағы ет комбинатына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым, сондай-ақ, Теміртау мен Саран қалаларындағы көпқабатты үйлерге қажетті инженерлік желілерді тартылым. Сонымен бірге, Шахтинск ЖЭО-сына отын сатып алу жүргізіліп, Саран және Абай өңіріндегі газ тарату желілерінің жобалық-сметалық құжаттамасы қайта қаралады.

Әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша ауданаралық жолаушылар тасымалын субсидиялау жалғасып, Саран қаласындағы «Optim Tech»



Үкіметтің шілдедегі Қаулысына сәйкес, Қарағанды облысына қатысты субвенцияны қысқарту көлемі 17,4 млрд тенгеге дейін төмендетілді. Осыған орай, қосымша 3,9 млрд тенге қайта бөлініп, ол бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ішкі резервтерінен, өңірлердегі бюджеттік оптимизациядан және жылдың соңына дейінгі бюджет кірістерінің асыра орындалуынан алынбақ.

кәсіпорнына апаратын жолдың құрылысы басталады, Сарандағы индустриалды аймаққа апаратын автожол жобасына металық құжат дайындалады.

Ауыл шаруашылығы мен ветеринария саласында Нұра ауданында мал өлекселерін көметін арнайы орын салуға арналған жобалық-сметалық құжаттама дайындалып, ветеринариялық профилактикалық шаралар жүргізіледі.

Нақтылау жобасында әлеуметтік саланы қолдауға – 747,3 млн тенге (11,3%) бөлініп отыр.

Сонымен қатар, 500 млн тенге ішкі істер органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй жәрдемақысын төлеуге және ТЖД ғимаратын жөндеуге бөлінеді.

Үкіметтің шілдедегі Қаулысына сәйкес, Қарағанды облысына қатысты субвенцияны қысқарту көлемі 17,4 млрд тенгеге дейін төмендетіл-

ді. Осыған орай, қосымша 3,9 млрд тенге қайта бөлініп, ол бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ішкі резервтерінен, өңірлердегі бюджеттік оптимизациядан және жылдың соңына дейінгі бюджет кірістерінің асыра орындалуынан алынбақ.

Сондай-ақ, мемлекеттік басқару саласындағы ашықтық пен тиімділікті арттыру мақсатында облыстық және өңірлік комиссиялар құрамына өзгерістер енгізілді.

## Тұрақты даму мен қоғамдық сенім

Сессияда қабылданған шешімдер алдағы уақытта облыстың тыныс-тіршілігін оң бағытта жетелейді деп күтілуде. Экономика, денсаулық сақтау, білім, қауіпсіздік және кәсіпкерлік салаларындағы жаңартулар аймақтың даму қарқынын арттырып, тұрғындардың әл-ауқатын жақ-

сартуға ықпал етеді.

– Бүгін қаралған әрбір мәселе – аймақтың әлеуметтік, экономикалық және құқықтық дамуына тікелей әсер ететін маңызды тетіктер. Біздің басты міндетіміз – облыс тұрғындарының өмір сапасын арттыру, қауіпсіздік пен әділдікті қамтамасыз ету. Бұл жолда барлық деңгейдегі мемлекеттік құрылымдар бірлесіп жұмыс істеуге дайын, – деді Нұркен Кобжанов.

Облыстық мәслихаттың 2021 жылғы 25 ақпандағы №34 шешіміне енгізілген өзгерістер аясында ауыр әрі сирек кездесетін дерттерге шалдыққан азаматтарға қосымша дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар тегін беріледі. Бұл өзгеріс – халықтың әлеуметтік осал топтарына қолдау көрсетуді күшейтіп, оларға өмір сүру сапасын арттыруға зор мүмкіндік береді.

Мәслихат сессиясында қабылданған бұл шешім – азаматтардың денсаулығын сақтау жолындағы нақты қадам ғана емес, мемлекеттік саясаттың адам капиталына деген жоғары назарын көрсететін маңызды құжат.

Сессияда қабылданған барлық шешімдер депутаттық корпусының бақылауында болады.

Суретті түсірген  
Александр МАРЧЕНКО



# Жаңа векторға бағыт

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына биылғы Жолдауында экономиканы дамыту және бизнесті қолдау туралы маңызды мәселелер көтерілді. Әлбетте, векторды әсте-әсте өзгерту қажет. Шикізат моделінің орнына қайта өңдеуге, технологияларға және кәсіпкерлік бастамаларға көшу – уақыт талабы.

Банктік өтімділікке келсек, игілік тек қаржы институттарында сақталып, олар тек өз пайдасына емес, тұтас экономиканың өркендеуіне қызмет етуі тиіс. Қаржы ресурстары нақты секторға бағытталуы, өндірісті қолдау мен дамытуға жұмсалыуы керек. Бұл – тек ұлттық экономиканың дамуының кепілі ғана емес, сонымен қатар, жеке сектордың да өсіміне ықпал ететін негізгі фактор. Мұндағы қысқын қарапайым және түсінікті.

Агросекторға ерекше назар аударылды Жолдауда. Мәселен, триллион тенгенің рекордтық қолдауы бар айқын мақсатты дұрыс іске асыра алсақ, нәтиже айқын болмақ. Ол үшін агрохабтар құру, шикізатты қайта өңдеуді ұлғайту, жер карталарын цифрландыру маңызды. Alatau City-дің өршіл жобасы технология мен инвестиция алаңы бола алады.

Ойымызды тұжыра келе, егер осы көзделген межелер легі сәтті іске асып, жергілікті жерлерде орындалса, бизнес шынымен де өсу драйверіне айналады. Экономикамыз да жоғары технологиялық әрі заманауи болмақ.

Нұрлан ӘУБӘКІРОВ,  
«Respublica» партиясының  
Қарағанды облыстық филиалының төрағасы

# Аймақ әлеуетінің айғағы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына биылғы Жолдауында еліміздің әр өңірінде нақты экономикалық және әлеуметтік жобалар арқылы жаңа даму кезеңіне өту міндеті қойылған болатын. Президент тапсырмалары аясында аймақта құрылыс, сәулет және қала құрылысында ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Облыс орталығы, қалалар мен ауылдардың келбеті жаңарып, тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптасуда. Әсіресе, тұрғын үй құрылысы, әлеуметтік нысандар мен инфрақұрылым бойынша айтарлықтай жетістіктер бар.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Құрылыс қарқынды

Президент Жолдауы – ел дамуындағы нақты істерге жол ашатын маңызды құжат. Онда айтылған бастамалар әр өңірге тікелей қатысты, себебі, негізгі мақсат – халықтың әл-ауқатын арттыру, өмір сүру сапасын жақсарту. Ендігі міндет – Жолдаудағы міндеттерді өңірлік деңгейде іске асырып, оның тұрғындар үшін нақты пайдасын көрсету.

Қарағанды облысында да Жолдау жүктеген міндеттер жүйелі түрде жүзеге асуда. Өңірде өнеркәсіпті жаңғырту, жаңа өндірістер ашу, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бойынша нақты жұмыстар қолға алынған. Атап айтсақ, тұрғын үй мен әлеуметтік нысандардың құрылы-

сы қарқынды жүргізілуде. Жаңа мектептер мен медициналық мекемелер салынуда, демалыс және мәдени орындардың саны артып келеді. Бұл шаралар халықтың өмір сүру сапасын арттырумен қатар, өңірдің инвестициялық тартымдылығын күшейтуге оң әсерін тигізіп отыр. Жаңа жұмыс орындарының ашылуына, жергілікті экономиканың нығаюына ықпал етуде.

Ресми дерекке сүйенсек, 2025 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша Қарағанды облысында құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 754,6 млрд тенгені құрап отыр. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 109% физикалық көлем индексімен артық. Қаңтар-шілде аралығындағы нақты көрсеткіш – 320,6 млрд тенге, ал, тамыз айының қорытындысымен 373,6 млрд тенгеге



жетеді деп күтілуде.

– Құрылыс – экономика мен тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартатын стратегиялық сала. Бұл – азаматтардың өмір сапасын арттырудағы негізгі бағыттың бірі. Біз инфрақұрылымды дамытып қана қоймай, әр отбасыға жайлы жағдай жасауды көздейміз, – дейді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Саян Мұратұлы.

Басқарма басшысының айтуынша, биыл барлық қаржыландыру көздері есебінен 548 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр. Соның 80%-ға жуығы – жеке инвестициялар есебінен бой көтеріп жатқан коммерциялық үйлер. Ағымдағы жылдың 8 айының қорытындысы бойынша 351,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген, бұл өткен жылмен салыстырғанда 6,3%-ға артық.

Биыл 1488 пәтерді пайдалануға беру жоспарланған. Оның ішінде, 155 пәтер – арендалық, 1103-і – сатып алу арқылы берілетін, 230-ы – несиелік пәтерлер.

Бұл мақсатқа 16,9 млрд теңге бөлініп, қазіргі таңда 41 пәтер са-

тып алынған. Жыл соңына дейін 1103 отбасы жаңа бастамаға ие болады деп күтілуде.

## Әлеуметтік құрылыс әлеуеті

Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауында денсаулық сақтау инфрақұрылымын кезең-кезеңімен жаңарту міндеті қойылып келеді. Қарағанды облысы бұл бағытта айтарлықтай ілгеріледі. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2023 жылдан бері 92 нысанның құрылысы жоспарланған. Бүгінгі таңда олардың 26-сы – 2023–2024 жылдары аяқталса, 49-ы – 2025 жылы тапсырылған. Қалған 17-сі қыркүйекте аяқталады.

Сонымен қатар, Балқаш қаласындағы ангиографиялық қондырғыны орналастыру үшін ғимарат құрылысы жүргізілуде. Өрт сөндіру депосының құрылысы басталса, архив, арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, балаларға арналған әлеуметтік инфрақұрылым нысандары бой көтеруде.

– Президент Жолдауында айтылған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Қарағанды

облысында жаңа форматтағы 4 мектеп пайдалануға берілді, қалғандары жыл соңына дейін тапсырылмақ. Сонымен қатар, 200 орындық мектеп пайдалануға беріліп, 2 мектепке жапсарлас құрылыс жүріп жатыр. Бір мектеп толықтай жаңғыртылу үстінде болса, одан бөлек, бір спортзал салынуда, – деп толықтырды Саян Мұратұлы.

Келесі жылдарға да ауқымды жобалар жоспарланғанын атап өту керек. Нақтырақ айтсақ, 200 орындық заманауи перинаталдық орталық (Қарағанды), төтенше жағдайлар бойынша оқу-жаттығу орталығы, 320 орындық балабақша, 600 орындық жаңа мектеп және балалар шығармашылық орталығы.

## Қалалар мен ауылдар – заманауи келбетке ие

Қала келбетін көркейту – елдімекендер дамуындағы басты міндеттердің бірі. Бүгінгі таңда Қарағанды облысының барлық 359 елдімекені, оның ішінде, 8 қала мен 351 ауыл жаңа бас жоспармен қамтылған. Бұл – 100% көрсеткіш.

2025 жылы Қарағанды қаласының бас жоспары ҚР Үкіметінің 30 шілдедегі №575 Қаулысымен бекітілді. Қазір Теміртау, Приозерск және Абай қалаларының бас жоспарына түзетулер енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Қазір Қарағанды қаласының өзінде ірі инфрақұрылымдық жобалар іске асуда. Мәселен, 4 жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешені, стадион, бассейні, мәдениет үйлері мен «Шахтер» стадионының реконструкциясы басталған.

– Бұдан бөлек, Әлихан Бөкейхан ауданының орталығы Майқұдықтағы жаңа мәдениет және шығармашылық орталығының құрылысы қолға алынғанын атап өткен жөн. Жер телімі бөлінген. Құжаттамасы бекітілді. Биыл құрылыс жұмысы баста-



лады. Екі жылдың ішінде аяқталады деп күтілуде. Қазіргі таңда осы бағытта нысан салынатын мекенжайдағы тұрғындарымен кездесулер ұйымдастырылып, орталықтың мән-маңызы жайлы түсіндіру жұмысы жүргізілуде. Құрылыс жұмысына кедергі келтіретін ағаштарды кесу және орнына басқа жерден тал егу жұмысы да пысықталу үстінде, – деп атап өтті басқарма басшысы Саян Мұратұлы.

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы тұрғындармен ашық диалог орнатуға үнемі ерекше мән беріп келеді. GOV.KZ ресми сайты, Instagram, Facebook парақшаларында сұрақтарға жауап беріледі. Сонымен қатар, E-otinish жүйесі арқылы да өтініштер қабылданып, жылдам қаралатынын атап айту керек.

## Түйін

Байқасақ, облыс аумағында жаңа тұрғын үйлер, мектептер мен ауруханалар, жаңғыртылған инфрақұрылым, қаланың жаңарған келбетін қалыптастырудағы атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы – әділетті әрі дамыған елдегі рухани терезесі тең Қазақстанды құру жолындағы нақты қадамдардың жемісі.

Бұдан бөлек, сала мамандары Қарағанды қаласында демалыс орындарын, мәдени орындарды салып, кәсіп дөңгелеткісі келетін азаматтарға, қолдау көрсетуге дайын екендігін айтады. Себебі, Қарағандыда сырттан келген қонақтарды апаратын, рухани демалатын орындар аз. Сондықтан да, қалталы азаматтарды мемлекетке қол жая бермей, кеншілер астанасын көркейтіп, елдің рухын көтеруге атсалысуға шақырады.

Суреттерді түсірген  
Жаңгелді ӘБДІҒАЛЫМ



# Денсаулыққа дем берді

Өңірдің медицина саласы «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен қарқынды дамып келеді. Қор Қарағанды облысында аталған саланы дамытуға 24 миллиард теңге қаражат бөліп, ірі жобаларды жүзеге асыруда. Айталық, онкологиялық ауруханаға заманауи аппараттар алынып, балалар ауруханасында оңалту орталықтары ашылды. Күйік шалған науқастарға шұғыл медициналық көмек көрсету үшін бұрын-соңды болмаған жоғары технологиялық жабдықтар сатып алынды. Мұның бәрі де азаматтардың денсаулығын нығайтуды көздейді.

**Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Дерттің бетін қайтаратын бастама

Қарағанды өңірінің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамытуға қор есебінен 42 миллиард теңге көлемінде қаражат бөлінген. Мұның тең жартысы, яғни, 24 млрд теңге денсаулық сақтау саласын дамытуға жұмсалуда. Бүгінгі таңда аталған сала бойынша 14 жоба жүзеге асырылуда.

Сол жобалардың алғашқысы – онкологиялық қызметті жабдықтау. Мұның қажеттілігі қатерлі ісікке шалдыққан науқастар санының артуымен байланысты болып отыр. Қоғамдық қор көмек көрсетуге қажетті жабдықтардың жеткіліксіздігін ескере отырып, бірнеше өңірде онкологиялық қызметті жабдықтау жобасы бастамасын көтерді. Бұл өңірлер қатарында Қарағанды, Абай, Солтүстік Қазақстан облыстары, сондай-ақ, Астана және Алматы қалалары бар. Аймақтардың онкологиялық ауруханаларына қор есебінен линейлік үдеткіш және қосымша құрал-жабдықтар сатып алынған. Қарағандыдағы №3 көпбейінді ауруханаға әкелінген осындай аппараттардың жалпы сомасы 2 миллиард 650 миллион теңгені құрайды. «Бұл жабдықтардың жүктемесі өте жоғары. Өйткені Қарағанды ғана емес, Ұлытау облысының науқастары да осы жерде ем қабылдайды», – деді «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Білім, мәдениет және спорт саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығының аға жобалық менеджері Зауре Байменова.

– Бұл – жобаның бірінші кезеңі. Ал, екінші кезең аясында жыл соңына дейін тағы бір жабдықтар кешені орнатылады. Жобаның құны – 2 миллиард 300

лік томограф орнатылған. Бұл тек ісік жасушаларына әсер етіп, сау тіндерді зақымдамай, ем жүргізуге мүмкіндік береді. Соның арқасында науқастар қатерлі ісікті жеңіп келеді, – деді Гамал Токсамбаев.

Күн сайын аппаратпен 90-100 пациентке дейін ем жасау – өте үлкен жүктеме. Сондықтан, екі бірдей аппарат жұмыс істесе, жүктеме азаяды. Кезек те қысқармақ.

– Бұл – КТ-симулятор. Ол біз сөз еткен сызықтық үдеткішпен және қосымша жабдықтармен бірге жеткізілді. Бұған 1,5 миллиард теңге көлеміндегі инвестиция жұмсалған. Мұндай заманауи аппараттар – біз үшін үлкен жетістік болып отыр. Себебі, 2006 жылға дейін біздің сәулелік емдеу жабдықтарымыз өбден ескірген-тін. Ал, жаңа жабдықтармен жұмыс істеу науқастардың өмір сапасын жақсартты. Бүгінгі күні орта есеппен 5 жылдық өмір сүру көрсеткіші – 58% шамасында. Бұл – өте жоғары көрсеткіш және жоғары деңгейде ем жүргізіп жатқанымыздың дәлелі. Біз қазіргі заманғы жабдықтардың арқасында әлемдік стандарттарға жақындай түстік, – деді аурухана басшысы.

## Оңалту орталығы – балаларға

«Қазақстан халқына» қоры көпбейінді облыстық балалар ауруханасында екі бірдей қайырымдылық жобаны жүзеге асырды. Жалпы сомасы 249 миллион теңгені құрайды. Бірінші жоба – ерте араласу орталығын жабдықтау.

– Бұл дамуында ауытқулары бар немесе олардың пайда болу қаупі бар балаларға ерте кезеңде диагностика жасап, оңалтуға көмек беруді мақсат етеді. Мұнда негізінен үш жасқа дейінгі балалар қамтылады. Жоба Қазақстанның 13 өңірінде жүзеге асуда және осындай 12 орталық ашылған болатын. Енді бұл Қарағандыда да бар. Барлық өңірлердегідей, біздің басты серіктесіміз – облыс



адай қажет болды» дейді. Әсіресе, үйде отырған, сөйлеу және қозғалыс жүйелерін дамыту жағынан көмекке мұқтаж балаларды оңалту өте маңызды.

– «Қоғамдық қордың көмегімен біз екі оңалту орталығын қажетті форматта ашуға мүмкіндік алдық – бұл әрі балаларға, әрі оларға көмек көрсететін дәрігерлерге ыңғайлы болуы үшін жасалды, – деді Аргын Бидайбаев.

Оңалту бөлімшесі толықтай жабдықталған. Палаталар екі орынды, өз асханасы бар. Сондықтан, аналар балаларымен бірге бұл жерде жайлы уақыт өткізе алады. Қазіргі таңда оңалту орталығында 100 төсек-орынға дейін.

– Біздің ауруханаға түскен кез келген бала мультидисциплинарлық топтың қарауынан өтеді. Дәрігерлер кеңесіп, баланың оңалтудың қай курсынан өтуі керектігін анықтайды. Бұдан бөлек, науқасқа қажетті кеңес беріледі, тексеруден өтіп, ем қабылдайды. Алғаш ашылған 2023 жылы 10 бала оңалту көмегіне жүгінді. Ал қазір жылына 1600-1700 балаға дейін қабылдаймыз. Біз балаларға ғана емес, олардың аналарына да үй жағдайында оңалтуды қалай істеуді үйретеміз, – деді Аргын Бидайбаев.

Оңалту орталығында ем алып жүрген балалардың қарасы қа-



лын. Мәселен, эмульсиялық ванна, яғни, гидромассаж қабылдап жатқан нәрестені жолықтырдық. Анасы Снежана Смирнинская мұнда екінші мәрте келгенін айтты. Екі ай бұрын баласының үлкені электроскутерден құлап, өте ауыр жағдайда ауруханаға түскен. Баланың миына қан құйылған. Дәрігерлер оған тек 20% ғана өмір сүру мүмкіндігін беріпті.

– Ауруханаға түскенде 5 күн бойы жансақтау бөлімінде жаттық. Содан кейін бізді нейрохирургия бөліміне ауыстырды. Қолын қозғауға болмайтын еді. Одан кейін біз мұнда 21 күн жаттық. Ол кезде ұлым арбаға таңылған болатын, сол жақ денесі мүлдем жұмыс істемеді. Бірақ осы аурухананың арқасында ол өз бетімен тұра алатын болды. Дәрігерлер бізге үйде қалай әрекет ету керек екенін, қалай жаттығу жасау керек екенін үйретті. Үйде дәл солай жасадық, бәрін қайталадық. Осындай жаттығулардың арқасында ол өз бетімен қозғала бастады. Қазір өз аяғымен жүреді. Миы да қалпына келіп жатыр. Бірақ, бір бөлігі жұмыс істегенімен, бір бөлігі әлі әлсіз. Дәрігерлердің айтуынша, миындағы қан толық тарағаннан кейін, ол бұрынғы қалпына келеді, толыққанды бала болады. Қазір оңалтудан өтіп жүрміз. Ұлымды

аяғынан тұрғызған дәрігерлерге алғысым шексіз, – деп ағынан жарылды ана Снежана Смирнинская.

## Күйікке қарсы технология

Қарағанды өңірі – жер асты әдісімен көмір өндіретін әлемдегі ең ірі көмір бассейндерінің бірі. Ал, көмір шахталарында метан газының көп мөлшерінен жарылыстар мен апаттар жиі орын алады. Соның салдарынан термиялық күйік пен жаракат алған шахтерлер жақын маңдағы медициналық мекемелерге жеткізіледі. Атап айтқанда, территориялық орналасуына байланысты Теміртау қаласындағы көпсалалы ауруханаға, сондай-ақ, жоғары білікті мамандандырылған көмек көрсету мақсатында профессор Х. Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханаға жіберіледі. Күйік жаракатын алған науқастарды емдеу – күрделі және бірнеше кезеңнен тұратын процесс. Ол айтарлықтай ресурстарды, сондай-ақ, травматология бөлімшесінде заманауи медициналық техниканың болуын талап етеді. Сонымен қатар, күйік алған науқастарды емдеуде қазіргі заманғы технологияларды қолдану үшін бөлімшенің материалдық-техникалық базасын жақсарту мүмкіндігі маңызды.

күрделі бағыттардың бірі. Әсіресе, терінің көп бөлігі зақымданған жағдайда әрбір стационар мұндай науқастарды қабылдауға мүмкіндігі бола бермейді.

– Мұндай науқастарды арнайы жабдықтарсыз күту – өте ауыр міндет. Қазір бізге қордың көмегімен ересектерге арналған 3 комбустиологиялық кереует берілді. Олар күйік шалған науқастарды емдеуге арналған, кереует ішіне кварц құмы толтырылған. Ал, астыңғы жағында қажетті температура- ны ұстап тұратын турбиналар орнатылған. Кереуеттің үстінде микроперфорацияланған жайма төселген, құм өтпейді, бірақ, ауа өткізеді. Бұл салмақсыздық күйіне ұқсас жағдай. Мұның бәрі күйік жараларын ұқыпты емдеуге мүмкіндік береді, науқастар ауырсынуды сезінбейді. Жаралардың жазылуына әсер етіп, зақымдалған терінің инфекция жұқтыру қаупін азайтады, – деді Берік Төлеубаев.

## Түйін

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2022 жылы құрылғаны белгілі. Президент «Бұл – барлық қазақстандықтардың қоры, халықтың қоры» деген болатын.

– Ол әкімшіліктің немесе Үкімет жанында жұмыс істемейді. Белделді бақылау кеңесі құрылып, әділ жауапты басшы тағайындалады. Оның қызметінің толық ашықтығын, есептілігін және қоғамның бақылауында болуын қамтамасыз етеміз. Жоспарлар, бюджет және жобалар сайтта жарияланады. Барлық ақпарат ашық болады. Қорды қаржыландыру жеке және мемлекеттік көздерден жүзеге асырылады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бүгінде қоғамдық қор өңірлердегі мұқтаж азаматтарға жан-жақты көмек көрсетуді көздейтін ауқымды бастамаларды қолға алды. Қарағанды облысында да денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау салаларында қаншама қайырымдылық бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылуда. Қайырымдылық қордың осы күнге дейін атқарған игі ісіне ел риза. Мұны разы болған жұрттың өзінен-ақ анық байқайсыз.

Суреттерді түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**



миллион теңге. Қазіргі таңда жұмыстар жүргізілуде, – деп қосты қор өкілі.

2024 жылы алғашқылардың бірі болып, Қарағандыдағы №3 көпбейінді ауруханаға америкалық Varian компаниясының Halcyon моделіндегі сызықтық үдеткіш (линейный ускоритель) әкелінген. Бұл аппарат онкологиялық ауруларға шалдыққан пациенттерге сәулелік терапия жүргізуге арналған. Аурухана директоры Гамал Токсамбаевтың айтуынша, сызықтық үдеткіш қатерлі ісікке сәулемен әсер етіп, оның кішіреюіне, тіпті, кейде толық жазылуына ықпал етеді.

– Бұл аппаратпен біз былтыр тамыз айынан бастап бүгінгі күнге дейін 619 пациентті емдедік. Аппарат 2024 жылдың наурыз айында жеткізілді. Барлық техникалық орнату жұмыстары аяқталған соң, тамыз айында жұмысқа кірістік. Қазіргі таңда осы аппаратта күніне 90 пациент ем алады. Яғни, сұраныс өте жоғары. Аппарат заманауи, оның ішінде компьютер-

әкімдігі мекеме инфрақұрылымын таңдау, жөндеу жұмыстарын жүргізу және кадрларды іріктеуді қамтамасыз етті, – деді Зауре Байменова.

Жоба аясында жаңа нейрохирургия бөлімі де ашылған. Ауруханаға орнатылған жабдық жоғары технологиялық операцияларды жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан, бала ем қабылдағаннан кейін бірден оңалтудың екінші кезеңіне өтеді және дәл осы оңалту орталығына келеді.

«QH оңалту орталықтары» – қоғамды қор жүзеге асырған жобаның екіншісі. Мұнда 1,5 жас-тан 18 жасқа дейінгі ерекше қажеттілігі бар балаларға кешенді оңалту көмегі көрсетіледі. Ел бойынша осындай 6 оңалту орталығын ашу жоспарланған. Бүгінде оның бесеуі жұмыс істеп тұр. Жаңа жабдықтарды, әдістемелерді қолдана білу үшін мұндағы мамандар алдын ала оқытылған.

Облыстық балалар ауруханасының директоры Аргын Бидайбаев «Мұнда оңалту орталығы ау-



• ИГИС

## «Шаңырақтың» шапағаты

Отбасы қоғамның алтын діңгегі. Шаңырағы биік елдің енесі де тік болары кәдік. Ал, сол шаңырақ шайқалмай, әр әулеттің түтіні түзу ұшуы үшін мемлекет пен қоғамның бірлесе аткарып жатқан ісі де аз емес. Соның бір жарқын көрінісі – «Талбесік» көпбалалы аналар одағының бастамасымен құрылған «Шаңырақ» көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды қолдау орталығы. Бұл мекеме 5 жылдан бері сансыз отбасыға қолдау көрсетіп, арқасүйер тірегіне айналып отыр.

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақта отбасы құндылықтарын нығайтып, тұрмысы төмен және көпбалалы жандардың қамын күйттеген ордалы «Шаңырақ» орталығы бүгінде онды қадамын нықтап келеді. Қиын жағдайға тап болған көпбалалы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған немесе әлеуметтік мәселеге душар болған отбасыларға жан-жақты қолдау көрсету – орталықтың басты мұраты.

«Шаңырақ» орталығының ерекшелігі – «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейді. Яғни, мұнда келген әр отбасы бір жерден-ақ түрлі бағыттағы көмекке жүгіне алады. Бұл арқылы уақыт та үнемделіп, қызметтік қарым-қатынас та жеңілдейді.

Орталық мамандары одан



бөлек, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі, түрлі мемлекеттік бағдарламаларға қатысты пайдалы кеңес береді. Тұрмыстық дау-дамай туындаса, медиативтік жолмен (сотқа дейінгі шешім) шешуге бар күш-жігерін салады. Сонымен қоса, отбасылық қарым-қатынасты нығайтуға жол ашқан психологиялық тренингтер ұйымдастырылады. Ал, заңгер маманның кеңесі арқылы алимент, мүлік бөлу, тұрғын үй мәселелері сынды түйткілдің түйіні тарқатылады.

– Біздің ұстанымымыз – әр отбасының шаңырағын шайқалтпай, берік сақтап қалу. Қазіргі таңда қобамыз Қарағанды қаласынан бөлек, Қарқаралы және Шет аудандарында да жанданып келеді. Біздің орталықта тек бір бағыт бойынша ғана емес, бірнеше қызметке қатарынан жүгінуге болады. Сондықтан, біз

психологиялық, әлеуметтік, заңдық тұрғыдан қолдауды бір жүйе арқылы ұсынып отырмыз, – дейді «Шаңырақ» орталығының жетекшісінің орынбасары Әсел Төреханова.

Бұған қоса, орталық мәдени іс-шаралар мен семинарлар ұйымдастырып, отбасыларды қоғамдық өмірге бел шешіп араласуға үгіттейді. «Шаңырақ» арқылы әр шаңырақ тек материалдық емес, рухани тұрғыда да қолдау табады.

Орталық қызметтері кешенді түрде қолға алынған. Бірі – психологиялық көмек арқылы жан жарасын емдесе, екіншісі – әлеуметтік бағыттағы кеңестермен отбасының тұрмысын түзеуге атсалысады. Заңгерлер болса, құжат рәсімдеу, алимент өндіру, тұрғын үй мәселелері сияқты күнделікті проблемалардың шешімін табуға оңтайлы жәрдем береді.

Қиындыққа тап болған көпбала-

лы немесе тұрмысы төмен отбасылар үшін «Шаңырақ» орталығының көмегі айтарлықтай мол. Мұнда көрсетілетін әрбір көмек ықшамдалып, бір арнаға тоғысып, отбасын тұтастай қолдауға бағытталған. Мәселен, орталықтың қолдауымен 35 отбасы баспаналы болды, жүздеген жан жаңа кәсіпке жол ашып, әлеуметтік жағдайын түзеді.

Шаңырақ – қазақ үшін қастерлі ұғым. Қасиетті атауды өз есіміне арқау еткен орталық та бағзыдан қалыптасқан салттан жаңылмай, әрбір отбасының шаңырағының шайқалмауына қарлығаштың қанатымен су сепкендей болсын көмек көрсетуде. «Шаңырақтың» шапағаты талай жанның үмітін оятып, тіршілігіне дем бергені – көңіл қуантарлық игі іс.

*Сурет «Шаңырақ» орталығының әлеуметтік желісінен*

## Берекенің бастауы

(Соңы. Басы 1-бетте)

### Қолдау орталықтары бар

Кез келген отбасы – қоғамның басты тірегі. Оларға жан-жақты қолдау көрсету мемлекеттің маңызды міндеті. Әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы азаматтарға, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға көмек көрсететін облыста он Отбасын қолдау орталығы жұмыс істейді. Мұнда заңнамалық, психологиялық, әлеуметтік, білім беру және басқа да бағыттар бойынша ақпараттық кеңес беріледі, түсіндірме жұмыстары жасалады. Орталықтарда психологтар, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер жұмыс істейді. Бұдан бөлек, орталықтар отбасын нығайтуға да жан-жақты қолдау көрсетеді.

Бүгінгі күнге дейін облыстағы Отбасын қолдау орталықтары өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға «FSM Social» мобилді қосымшасы арқылы 1088 кеңес беріп, мемлекеттік органдарға 279 іс жолдады.

Мұндай орталық Теміртау қаласында да бар. Орталық өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға қолдау көрсетумен қатар, дағдарыс орталығының қызметін де атқарады және тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамдарға арнайы әлеуметтік қызметтер ұсынады.

Биыл 196 адам, 58 отбасы қамтылған, оның 136-сы – балалар. Бұл отбасылар қатыгездікке ұшыраған, арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж.

Көмек әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешуге, жұмыспен қамтуға, балаларды мектепке дейінгі мекемелерге орналастыруға, жалпы білім беретін мектептерге тіркеуге, құқықтық кеңес көрсетуге, тиісті жәрдемдерді, өтемақылар мен төлемдерді алуға жәрдемдесіп, психологиялық және медициналық көмек көрсетуге бағытталған.

Орталық құқық қорғау органдарымен бірлесе жұмыс істейді. Көмекке жүгінген тұлғаларды аталған орталықтар құқық қорғау

органдарымен байланыстырады.

Отбасы күні қарсаңында Отбасы қолдау орталықтарында түрлі іс-шаралар, семинарлар мен тренингтер өткізу жоспарланыпты.

### Шаңырақ көтергендер көбейді

2009-2021 жылдар аралығындағы кезеңде еліміздегі отбасылар саны көбейгені байқалды. Атап айтар болсақ, 38,7%-ға өсіп, 5 578 947 отбасы санын құрады. 10 жыл ішінде осы көрсеткіші 1,5 млн-нан асқан екен. Елдегі барлық өңірлерде отбасын құрғандар саны көбейіпті. Алайда, қарқындылығы әртүрлі болғанымен, азайып та жатыр. Оған – ажырасу себеп. Қаншалықты көбейсе де, жолы екіге бөлінген жандар көп. Мәселен, орташа отбасы мөлшері 2009 жылғы 3,5 адамнан 2021 жылы 3,2 адамға дейін азайыпты.

Ал Қарағанды облысында 2019 жылы 361 962 отбасы құрылса, 2021 жылы отау құрғандар саны көбейіп, 408 мыңға жуықтады. 2021 жылғы

халық санағында балалы отбасылар саны да анықталды. Өңірімізде бір ғана баласы бар отбасы 140 мыңнан асады. Статистика мәліметінше, басқа аймақтармен салыстырғанда өңірде көпбалалы отбасылар үлесі көп емес. 4 немесе одан да көп балаларды өсіріп, тәрбиелеп отырған 12 мыңнан аса отбасы бар. Алайда, бұл төрт жыл бұрынғы көрсеткіш екенін ескерген жөн. Бұл халық санағының 2021 жылғы қорытындысынан және «Неке және отбасы» статистикалық жинағынан алынды.

Отбасы – қоғамның тірегі. Шаңырақ құрғандар көбейсе, мемлекет мерейі өседі, ел іргесін бекітетін күш арта түседі. Ал, оны шайқалтпау – тұлғаның адамдық болмысы мен ар-ұятына тон қасиет. Сондықтан, отбасының қадір-қасиеті, шаңырақтың беделі, отбасының абыройы – кез келгені үшін өмірлік жауапкершілік жүктейді.

*Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ*



сыз грант алыпты. Ол қаражатқа қажетті құрал-жабдықтар алуды жоспарлап отыр.

– Жолдасым екеуіміз балаларымызды барынша адал еңбекке тәрбиелеуді өмірлік мұратымызға айналдырдық. Бала кезінен бастап жұмсап, өзімізге қолқанат қылдық. Қазір соның қызығын көріп отырмыз. Әкесіне екі ұл, менің асүйдегі шаруама екі қызым көмектеседі. Қазы айналдыру, шұжық еттерін әзірлеуді, түрлі дәмдеуішін келтіріп, оны ыстап, кептіруді қыздарым да әжептәуір

үйреніп алды. Соған қуанамын. Асүйдегі шаруаға әбден пісті. Шаруа істеп жүріп, әкесі мен ұлдары, анасы мен қыздары болып сырласамыз. Бастысы сол, балаларымыз білімді, еңбеккер болып өссе деген әр қазактың арманы бізде де бар. Және соған жағдай жасау үшін еңбектенудеміз, – дейді шаңырақтың анасы.

Балалары да жан-жақты. Ұл-кен қыздары Шұғыла анасына тартқан өнерлі. Сурет салу үйірмесіне үзбей барады. Іс тіккенді де ұнатады екен. Болашақта ар-

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

## Сарыбелдегі салтанат

10 қыркүйек күні Осакаров аудандық кітапханасында Отбасы күніне арналған «Отбасы – қоғам тірегі» атты дөңгелек үстел өтті. Айта кеткеніміз орынды, Отбасы күні елімізде жыл сайын қыркүйек айының орта шенінде аталып өтеді. Биылғы шараға жергілікті әкімдік өкілдері, қоғам белсенділері, көп жылдан бері үлгілі тұмыр кешіп келе жатқан отбасылар мен жастар қатысты.



**Болатбек ӘШМҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Басқосудың мақсаты – отбасы құндылықтарын насихаттау, ұрпақтар арасындағы байланысты нығайту және отбасының әр адамның өміріндегі мән-маңызын дәріптеу. Іс-шара аясында кітапханада отбасы құндылықтарына арналған әдебиеттер көрмесі ұйымдастырылды.

Отбасы дегеніміз – адам өмірінің алтын қазығы, береке-бірліктің бастауы ғой. Ол – ұрпақ сабақтастығын жалғап, адамгершілік пен ізгіліктің дәнін себетін киелі ұя. Әрбір жан үшін отбасы – тіршіліктің тірегі, ең қымбат құндылықтардың қайнар көзі. Сондықтан, отбасының қадірін ұғыну, оны сақтау мен нығайту – қоғамның болашағына салынған берік іргетас.

Дөңгелек үстел отырысында дәм-тұздары жарасып, 45 жыл отасқан Әбдінайым Зекенұлы мен Рысқұл Ерденқызы, 25 жыл отасқан Серік Танжарықұлы мен Жанна Жұмағазықызы, 10 жыл отасқан Мейіржан Сейтжанұлы мен Күлпаш Иманқұлқызы өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, отбасылық өмірдің өзгелерге үлгі болар қырлары туралы әдемі әңгіме өрбітті.

Ал Аналар кеңесінің төрағасы Ботагөз Қажымұратқызы

мен көмелет жасына толмағандар ісі жөніндегі бас инспектор, бұрынғы АХАЖ бөлімінің басшысы Гүлсәуле Ақболатқызы отбасылық құндылықтар мен балалар тәрбиесіндегі өзекті мәселелер турасындағы ойларын ортаға салып, бүгінгі қоғамның өзекті проблемаларын қозғады. Әңгіме барысында отбасыдағы дәстүрлерді сақтау, балаларға дұрыс тәрбие беру, қиындықтарды жеңу жолдары жөнінде алуан түрлі пікірлер айтылды. Қатысушылар өзара тәжірибе бөлісіп, жас ұрпаққа жылы лебіздерін білдірді.

Жиын соңында қонақтарға Алғыс хаттары табысталып, Әбдінайым ақсақал жастарға үлкендік сөзін айтып, әрдайым отбасының берекесін сақтауға, өзара сыйластық пен сүйіспеншіліктен айнымауға шақырды.

Осакаровкадағы Отбасы күніне арналған отырыс – әр әулеттің қоғамдағы ерекше орнын тағы бір айшықтаған тағылымды шара болды. Қатысушылардың жүрекжарды әңгімелері мен өзара тәжірибе алмасуы жас ұрпаққа өнеге болып, отбасы құндылықтарын ұлықтаудың маңызын айқындай түскендей. Мұндай кездесулер қоғамның бірлігін бекемдеп, берекелі отбасылардың көбеюіне жол ашады деген ойдамыз.

### Осакаров ауданы

*Сурет «Sarybel» газетінің редакциясынан*

• ӨНЕГЕ

## Алтын босаға

Игеновтер шағын мемлекетінің шаңырағы шуақты. Құдай бере салған балапандары үйді «базарға» айналдырған. Осыдан он алты жыл бұрын шаңырақтың уығы қадалған еді, қазір ордалы отбасы.

**Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Отағасы Өмірхан Ақымашұлы – үйіндегі он екі баланың оныншысы. Жары Гүлпырысты Қамққызы да он балалы отбасында өсіп-өнген. Бала кезінен көпшіл, бауырмал болып өскен екеуінің содан да болар үйлерінен кісі арылмайды. Келген мейманын төрге оздырып, төрдей күту – екеуінің де көріп өсіп, өнеге еткен тәрбиелері.

Екеуі де еңбекті сүйеді. Бала кезінен көліктің, техниканың тілін жетік меңгерген Өмірхан сүйікті ісін кәсіпке айналдырып отыр. Көліктің кез келген ақауын анықтап, оны қалпына келтіру – күнделікті салтына айналған. Алғашында көлік жөндеу орталығынан орын жалға алып, жұмыс істеп жүрген оған жеке нысан салып алу туралы ой келеді. Осыдан он жыл бұрын Қарағандыдағы «Күнгей» ықшам ауданынан жер алып, жары екеуі адал еңбектің арқасында еңселі үй тұрғызды. Қазір балаларына алаңдамайды, емін-еркін өз аулаларында, көз алдарында асыр салып ойнап жүр. Жары Гүлпырысты да ауылда өскендіктен шаруаға пірақ. Үй тұрғызарда жолдасына бір

өзі қолғабыс етеді. Бастысы, қолдарынан келеді. Сөйтіп, үйінің іргесінен жер алып, 250 шаршы метр болатын нысан салады. Алты көлікке орын бар. Көліктің май-суын ауыстырып, қозғалтқышы, қозғалыс қорабы секілді кез келген бөлшектері жөндеп шығарады. Қазір бір өзі ғана еңбек етеді. Қолғанаты – екі ұлы. Қолғабыс етіп жүрген екі ұлының да қолы епті. Осылайша, ол балаларын еңбекке баулып жүр. Алдағы күндері кәсіп нысанын өзге шеберлерге жалға беріп, табысын арттыруды ойластырып отыр.

Отанасы Гүлпырыстының да қолынан бал тамады. Ол да өзінің кәсібін ашып, отбасылық табысқа тәп-тәуір үлес қосып отыр. Нан себеттерін әзірлейді. Үйде отырып-ақ той-томалақ пен құдалыққа тапсырыс алады. Тіпті, ет ыстайтын құрылғысымен жылқының қазысын, жаясын, үйрекші де дәмді етіп даярлайды. Әсіресе, осы кәсіп түрінің дәурені жүріп тұр. Шұжықтың да тұр-түрін жасайды: батырдың білегі, ержігіт шұжығы, әсіп, сервелат.

«Әрі табиғи өнімдімізді өзіміз тұтынамыз, әрі шағын бизнесіміз», – дейді. Айтпақшы, жақын-да мемлекет тарапынан қайтарым-

насы. Кішкентай Шахназ биші болуды армандайды екен. Ал, кенже бүлдіршіндері Аруназ жақында бір жасқа толады. Барлығы кішкентай балапанның тәй-тәй қадамына тәнті болып жүр.

Шаттыққа бөленген шағын мемлекет ұлттық құндылықтарды жоғары бағалайды. Өкелері Өмірхан үйінің ауласына киіз үй тігіп қойыпты. Ала жаздай асты қазақы үйден ішеді. Киіз үйдің ішінде қамшы, қасқырдың терісі секілді көрнекіліктер тіпті көрік беріп тұр.

– Өзіміз бала кезде киіз үйде өстік қой. Сол себепті, қазақы қасиетті ұғынын өссе екен дейміз. Бойларына ұлттық тәрбие сіңірсе, ұлтқа жаны ашитын болады, – дейді Өмірхан әкелері.

Айтпақшы, бұл шаңырақ үшін әр жұма Отбасы күні екен. Жұманың кешінде дәмді ас дайындап, дастархан басында жиналып, бір-біріне сыйлық үлестіріп, аптаның қалай өткенін талқылап, демалысқа жоспар құру өмір салтына айналған.

Ата-әжелері мереке сайын, туған күн сайын келіп тұрады. Күнгейдегі шаңырақтары – қаладағы үлкен үйлері. Барлық ағайын-туыс ауылды аңсаса Өмірхан Игеновтің үйіне жиналады. Өйткені, бұл үйдің босағасы алтын!

СҮРЕТТЕ: Өмірхан Игеновтің өнегелі отбасы

Суретті түсірген автор

## • МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

## Қор жеткілікті, баға бақылауда

Арқа атырабы биыл да қысқы маусымға ерте қамданды. Күздің қара суығынан кейінгі алты ай қыста көмір қорының молдығы маңызды. Бүгінде көмірдің тасымалында ірі-кіліс болмауы өзекті. Өңір қажеттілігінің шамамен 65 пайызы, яғни, 580 мың тонна көмір халыққа жеткізілуде.

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақта қара алтынның саудасы бүгінде 55 нүктеде жүріп жатыр. Оның 41-і теміржол тұйығында болса, 14-і қойма ішінде орналасқан. Ал, жалпы облыс қоймаларындағы қор 29 мың тонна, оның ішінде, 11 мың тоннасы Қарағанды қаласының өзінде өндіріледі.

Бағаға келсек, өңір бойынша «Шұбаркөл көмірінің» тоннасына орташа құны – 19 100 теңге, «Кузнецк» көмірінің тоннасы – 16 500 теңге, ал, «Майкүбінік» – 16 000 теңге шамасында. Ал, шаһардың өзінде «Шұбаркөл көмірі» – 15 500-15 800 теңге аралығында саудаға түсуде. Баға тұрақсыздығының себебі де әрқилы. Қала маңындағы елдімекендерге көмір арзан бағаға жеткізілсе, қашық ауылдарға сәл қымбатқа тасымалданады. Бір сөзбен айтқанда, көмірдің бағасына отынның сапасынан гөрі жолдың жағдайы көбірек әсер етіп тұр.

– Құнның қалыптасуына, ең алдымен, логистика ықпал етеді. Біздің өңір көмір өндірісінде озық технологияларды қолданады. Жылыту маусымы жақындап қалғандықтан әр өндіріс ошағын жіті бақылаудан өткізіп жатыр-

мыз. Баға тұрақтылығы мен халықты отынмен қамтамасыз ету – қатаң бақылауда, – дейді кәсіпкерлік және индустрия басқармасы басшысының орынбасары Ақдидар Рымбек.

Аймақ тұрғындарына сапалы көмір жеткізіп отырған негізгі қойманың бірі – Пришахтинскідегі «ПСВ86» ЖШС аймағы. Мұнда жыл бойы «Шұбаркөл көмірі» сатылады. Бұл отынның басқа отындардан айырмашылығы – күлінің аз болуы һәм жылуының жоғарылығында. Яғни, бір шелек көмірдің жалыны ұзаққа дейін қызуын сақтайды.

сайын мұнда облыс аумағының әр түпкірінен жүк көліктері үздіксіз келіп, кезек күттірместен көмір тиісп алады.

– Біздің қойма жыл он екі ай жұмыс істейді. Жаз мезгілінде де көмірге сұраныс жоғары. Монша жағып, табыс табатындардың барлығы біздің көмірімізді тұтынады. Біздегі қызу жұмыс енді басталды. Қысқа қамданған халықтың қарасы қалың. Қор жеткілікті. Біз күніне көмір тиелген 100-150 жүк көлігін жөнелтеміз, – дейді қойма басшысы Никита Аносов.

Бағаға келсек, қоймадағы



Қоймада қазірдің өзінде шамамен 5 мың тонна көмір бар. Бұған қоса, тәулігіне тағы 500 тоннаға жуық жеткізіліп отырады. Күн

«Шұбаркөл көмірі» тоннасына 15 800 теңгеден саудалануда. Былтырмен салыстырғанда баға сәл жоғары. Мамандардың ай-



дылықтар үшін бұл баға қолжетімді деп айтуға болады.

Қойманың тыныс-тіршілігіне қарасақ, қысқа ерте қамданған жұрт үшін қолайлы мүмкіндік туып отыр. Ұзын-сонар кезек жоқ, көмір қоры да жеткілікті.

Аймақ атырабындағы көмір өндірудің өзіндік ерекшелігі бар кәсіпорындардың бірі – «Рapid» ЖШС. Мұнда қара алтын ашық әдіспен емес, жерасты тәсілімен алынады. Сол себепті мұндағы көмірдің құны да өзгелерге қарағанда едәуір жоғары.

– Біздің компания Үкіметпен 2001 жылдан бері келісімшарт негізінде жұмыс істеп келеді. Біз бұрын жабылған шахталардың орнында қайта құрылды. Қазіргі таңда жаңа технологияларды пайдаланып, жерасты әдісімен көмір өндіреміз. Көбіне біздің өнімді «Ақтау» цемент зауыты

тұтынады. Сапа бағаға сай, – дейді фирма директоры Андрей Белов.

Бұл көмір – облыс бойынша ең қымбат көмірдің бірі. Тоннасы – 25 мың теңге. Соған қарамастан, тұтынушысы бар. Қарапайым халықтан гөрі тұрақты сатып алушылардың қатарында өндіріс орындары мен арнайы мекемелер.

«Қарағанды – көмірдің отаны» деп текке айтылмаса керек. Өңірдегі көмір өндірісінің жай-күйіне көз жүгіртер болсақ, қысқы маусымға дайындық ойдағыдай. Қор жеткілікті, сауда жүйелі, баға да бақылауда. Қарапайым халықтың қамсыз қалмауына барлық жағдай жасалып отыр.

Суреттерді түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

## • ДЕНСАУЛЫҚ

## Сақтанудың тиімді тәсілі

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулысына сәйкес тұмау және басқа да респираторлық ауруларға қарсы вакцинация қыркүйектің 15-нен басталмақ. Эпидемиологиялық маусым қарсаңында мамандар жұкпалы аурудан сақтануға кеңес берді. Жыл сайын тұмаумен аймақтың 140 мыңнан астам тұрғыны ауырады. Оның жартысынан көбі 14 жасқа дейінгі балалар екенін атап өтті мамандар.



**Жансая ОМАРБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Тұмау мен ЖРВИ – бүкіл әлемдегі ең өзекті медициналық әрі әлеуметтік-экономикалық мәселелердің бірі. Оның өзектілігі олардың кең таралуына, созылмалы жұкпалы емес аурулардың асқыну ықтималдығына, өршуіне, вирустардың өзгеруіне және экономикалық шығындарға байланысты, – деп атап өтті өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингке қатысқан облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысы Юрий Залыгин.

Оның айтуынша, былтыр тұмаудың эпидемиологиялық кезеңі ерте басталған.

– Сонымен қатар, өткен эпидемиологиялық маусымда

тұмаудың А/Н1N1 тұмауы вирусы басым болды – 41%. Өлім жағдайлары тіркелген жоқ, бұл имундаудың тиімділігін көрсетеді. Тұмау мен тұмауға ұқсас аурулардың таралуын вакцинациямен ғана азайтуға болады. Вакцинация эпидемияға дейінгі кезеңде, яғни, қыркүйектен қарашаға дейін жыл сайын жүргізіледі. Тұмауға қарсы вакциналар қауіпсіз, тұмау мен оның асқынуларының алдын алу тұрғысынан алғанда жоғары тиімділікке ие. Биыл жергілікті бюджет қаражатынан тұрғындардың тәуекел топтарына 173 000 доза мөлшерінде тұмауға қарсы «Гриппол» вакцинасы сатып алынды, – деді Юрий Залыгин.

Ол тәуекел топтарына диспансерлік есепте тұрған балалар, балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, қарттар үйлерінің контингенті, жүрек-тамыр жүйесі мен тыныс алу органдарының созылмалы аурулары бар адамдар, екінші және үшінші триместрдегі жүкті әйелдер мен медицина қызметкерлері кіретінін атап өтті.

– Бұдан басқа, біз әскери қызметшілерге, педагогтерге, 65 жасан асқан адамдарға тұмауға қарсы вакцинация алуды ұсынамыз. Осы топтар арасында инфекцияның таралу қаупі жоғары, – деді спикер.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжамына сәйкес биылғы эпидемиологиялық маусымда А/Н1N1, А/Н3N2 және В тұмау вирусының,

сондай-ақ, тұмауға жатпайтын басқа да респираторлық вирустар болуы мүмкін. Осыған байланысты 15 қыркүйектен бастап вакцинациялау, медициналық ұйымдардың кіреберісінде сүзгілерді жұмысын қамтамасыз ету және 1 қазаннан бастап медицина қызметкерлері үшін бетперде режимін енгізу секілді шаралар қабылданды. Сонымен қатар, жүкті әйелдер мен бір жасқа дейінгі балалар ауырғанда үйге шақырту бірінші кезекте жасалатын болады. Мектепке дейінгі балалар ұйымдарында күнделікті таңертеңгі сүзгіден өткізіп, ЖРВИ және тұмау белгілері бар балалар шеттетіледі.

– Білім беру ұйымдарында бір сыныпта оқушылардың 20-30%-ы ауырса, күнтізбелік он күн ішінде сыныптарға жаңа балаларды қабылдауға тыйым салынады, қолжетімді жерлерде қолды өңдеуге арналған антисептигі бар санитайзерлер орнату ұсынылады. Ауырған балалар саны 30% және одан көп болса, оқушыларды онлайн оқытуға ауыстыру керек, – деді департамент басшысы.

Спикер брифинг барысында адамдар көп жиналатын жерге бармауға, ауру белгілері бар адамдармен байланысты шектеуге, қолды жиі жуу, үйді тазалап, желдету қажеттілігі жайлы кеңес берді.

Департамент басшысы өткен сегіз айда эпидемиологиялық жағдай «қанағаттанарлық» екенін жеткізді. Дифтерия, полиомиелит, қызылша, безгек, іш сүзегі, паратиф, тырысқақ және басқа аурулар тіркелмеген.

– Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда көкжөтелмен сырқаттану жеті есе, скарлатина 2,5 есе, қызылша 100 есе, «А» вирустық гепатиті және коронавирус инфекциясы 3 есе, аскаридоз 35%-ға төмендегені байқалды. Жіті ішек инфекциялары сырқаттанушылығы бойынша тұрақты жағдай сақталуда, – деді спикер.

Суретті түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

## • ЖАСТАР САЯСАТЫ

## Арманды қанаттандыратын алаң

Соңғы жылдары елімізде ауыл жастарын қанаттандырып, әлеуетін ашу жолында ауқымды жобалар жүзеге асып келеді. Аймағымызда да сондай ірі жобаның бірі әрі бірегейі «Ұлт қазынасы» жобасы шымылдығын түрді. Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының бастамасымен қолға алынған пилоттық жоба ауылдық жерлерде өсіп келе жатқан талантты жастардың мүмкіндіктерін молайтуға, кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.



**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Тың жоба ауылда тұратын 14 пен 25 жас аралығындағы жастарға арналған. Қатысушыларды іріктеуге қойылған басты талап – талант пен дамуға деген құлшыныс. Бұл ретте қатысушының қай салаға бейім екені маңызды емес. Жоба жетекшілері шығармашылық, кәсіпкерлік, өнер саласы болса да қолдауға әзір.

– Жастарға тек білім мен тәжірибе ғана емес, сенім де қажет. Біз олардың өз жолын тауып, табысқа жетуіне жол көрсетсек дейміз. Табыс арман жолында еңбектенген адамға келеді. Сол себепті де жастарды еңбекке баулып, оларға әрдайым ақыл-кеңес айтып, дұрыс жолға бағыттау жолында осы жобаны қолға алдық. Облыс бойынша жанданып, қанаттанып кетсе, республика көлемінде де жұмыс атқаруға әзірміз, – деді жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Айсылу Ерниязова.

Жоба жұмысына әр салада жетістікке жеткен менторлар тартылады. Әрбір менторға үш шәкірттен бекітілді. Ал, дамуға құштар жастар көп болса бес қатысушыға дейін қабылдауға мүмкіндік бар. Олар ауылдарға барып,

жастармен кездесіп, үміткерлерді іріктейді. Әр маман жастармен өз бағдарламасына сай жеке жұмыс жүргізіп, кеңес береді, бағыт көрсетеді. Алайда, менторлардың жастарға қаржылай қолдау көрсетуіне тыйым салынған.

– Менің өзім де ауылда туып-өстім. Сол себепті де, ауыл жастарының мен үшін орны бөлек. Олардың көзкіек танымдарын одан әрі кеңейту мақсатында осы жобаға өз қал-қадарымша атсалысқым келеді. Алдағы уақытта шәкірттерімнен бірге биік белестерді бағындыратыныма сенімдімін, – деді ментор, «АМАНАТ» партиясының Бұқар жырау аудандық филиалының төрағасы Анар Бозаева.

Жоба жұмысы желтоқсан айында қорытындыланады. Үздіктер «Saryarqa-jastary» платформасында онлайн дауыс беру арқылы анықталады. Ең белсенді қатысушыларға «Ұлт үміті», ал, үздік менторларға «Ұлт мақтанышы» сыйлықтары табысталады.

Жобаға қатысқысы келген жастар тұрғылықты жері бойынша Жастар ресурстық орталықтарына жігініп, менторлармен белгіленген уақытта кездесе алады.

Суретті түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

## Құттықтау

Осакаров ауданы Құндызды ауылының тұрғыны, сүйікті анам **Қоңыр СӨТЖАНҚЫЗЫН** 83 жасқа келген туған күнімен құттықтай отырып, 80 жасқа толған мерейтойына арнаған өлеңімді жолдаймын.

Аяулы ана, қадірлі әже бүгінгі,  
Мерейтойың болып жатқан дүбірлі  
Тағдырына бұйырмаған талайдың,  
Бақытыңа бала әрбір күніңді!

Бір әулеттің Анасысың ардақты,  
Түгендейтін туған-туыс, жан-жақты!  
Өсіп-өнген бәйтерексің мауелі,  
Ұрпағыңның қамын ойлар салмақты.

Біздің алтын қазынамыз өзіңсің,  
Сарқылмайтын алып қуат көзісің!  
Өзің барда баламыз біз әлі де,  
Өзің барда шыдамдымыз – төзімсің!

Әр баланың күтіп жақсы хабарын  
Елңдейсің, жаутаң қағып жанарың,  
Бір көңілің кетсе ғой деп тағы да  
Жолын тосып, белгілі көз саларың!

Талай асу, талай соқпақ қалды артта  
Талай үміт, талай арман алдантты!  
Талай күндер батты жылжып ақырын,  
Талай-талай кіріпк қақпай таң да атты.

Бірде шаттық, бірде қайғы алмасып  
Осылайша өтті жылдар жалғасып.  
Өмір қызық болу үшін әрдайым  
Бақ пенен сор жүреді екен арбасып.



Енді, міне, қырау шалған самайың,  
Немере мен шөберелер маңайың...  
Бүгін сенің құрметіңе бас қосып  
Құттықтауда жақын туыс, ағайың!

Құтты болсын мерейтойың, Анашым!  
Ортаымасын жақындарың жанашыр!  
Ұрпағыңмен қанат жайып өркендеп,  
Жүре берші ортамызда сан ғасыр!

Ұрпағыңның төгілмесін көз жасы,  
Нұрға толсын әрқайсының отбасы!  
Әрбіріңіз бақытына бөленіп,  
Бола берші арамызда көшбашы!

Құттықтаушы – қызы **Гүлнар Ғалымжанқызы**.

№338

### • БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

## Жастар жігерін жаныған жүздесу

**Жалпы білім беретін №19 мектепте Қарағанды облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент басшысының орынбасары, подполковник Еркебұлан Мұстағұлов 7-11 сынып оқушыларына «Біртұтас ел – Біртұтас жер» тақырыбында тәрбие сабағын өткізді. Патриоттық іс-шара Қорғаныс министрлігінің тапсырмасына сәйкес ұйымдастырылды.**

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сабақ барысында подполковник оқушыларға Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылуы мен дамуы, әскери қызметтің маңызы, Отан қорғаушылардың ерлік жолы туралы әңгіме өрбтті. Өз сөзінде ол қазіргі жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастырудың маңыздылығына ерекше тоқталып өтті.

– Бүгінгі ұрпақ – ертенгі ел қорғаны. Біз Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов сынды батырлардың ерлігін мақтан тұтып, олардың жолын жалғастыратын өскелең буынды тәрбиелеуіміз керек. Қарулы Күштер – ел тәуелсіздігі мен тыныштығының кепілі. Сондықтан, әрбір жас буын Отан алдындағы борышын терең пайымдап, соған сай әрекет етуі қажет, – деді подполковник Еркебұлан Мұстағұлов.

Оқушылар әскери қызметкердің дәрісін ден қойып тыңдады. Өздерін қызықтырған сауалдарын

қойды. Көбіне әскери мамандық, әскерге қабылдану тәртібі, әскери өмірдің қыр-сыры туралы білуге ықылас танытты. Подполковник оқушылардың белсенділігіне ризашылығын білдіріп, олардың білімге, тәртіпке құштарлығына қуанатынын атап өтті. Кездесу соңында қатысушылар естелік суретке түсіп, ерекше әсермен таркасты. Жас жеткіншектердің бірі болашақта әскер қатарына қосылып, елін қорғайтын азамат болуға ниетті екенін айтты.

– Бүгінгі кездесуден кейін Отан қорғау зор жауапкершілік пен аса мәртебе екенін түсіндім. Батыр бабаларымыздың ерлігіне қарап, мен де болашақта сондай батыр болғым келеді. Әскери қызмет – менің арманым, – дейді, 9-сынып оқушысы Нұрәулет Сейілбек.

Осындай дәрістер жас ұрпақтың бойында елге деген сүйіспеншілік пен патриоттық рухты нығайтып, олардың Отанға қызмет етуге ынтызарлығын арттырады.

### • ТАҒЫМ

## Арқаның ардақты азаматы

**Биыл мемлекет және қоғам қайраткері, есімі облысымызға жақсы таныс, ауыл шаруашылығы саласының аса білгір маманы, жаны жайсаң азамат Абдолла Төребеков тірі болғанда 75 жасқа толар еді.**

Аккудың көлге тамған көз жасындай, уақыт сынаптай сырғып, өтіп жатыр. Кеше ғана аман-сау арамызда жүрген Абдолла ағамыздың ақтық сапарға аттанып кеткеніне жеті жылдың жүзі болды. Қазір тек оның бейнесі ғана көз алдымызда. Рухы жер бесігінде, күлкісі көңілімізде, жақсылығы жадымызда, есімі ел есінде жүр.

Әбекең 1971 жылы Омскінің мал дәрігерлік институтын бітіріп, Қарағандыға арнайы жолдамамен келген еді. Облыстық ауыл шаруашылық басқармасы балаң жігіттің бағын байламай, еңбек жолын ең шалғайдағы Егіндібұлақ ауданынан бастасын деп шешіпті.

– Бастапқыда басымды шайқап, келгеніме өкіндім. Бұрын-соңды алысқа шығып көрмеген мен сол күні Қарағандыдан артынып-тартынып, автобуспен алты сағат жүріп, әрең Егіндібұлаққа жеткенім бар. Бірақ, неге екенін қайдам Балқантаудың басына қарасам, мен туып-өскен оңтүстіктегі қасиетті Қазығұрт тауы есіме түсті. Екеуінен керемет ұқсастықты аңғардым. «Қазығұрттың басында кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған?!», – деп аңыз ғып айтатын киелі тауым дәл маған осы жерде оң сапар тілеп тұрғандай көрінді, – деген еді Әбекең осыдан он жыл бұрын.

Егіндібұлақтықтар жас маманды жатсынбады. Қайта қуана қарсы алып, аудан орталығындағы мал дайындау кеңсесіне қызметке орналастырды. Білікті жас бірден іске кірісіп, біраз жұмыстың бетін қайырды. Көп өтпей-ақ жақсы қырынан көзге түскен Төребековті облыс басшылары Молодежный ауданындағы «Радниковский» совхозының бас мал дәрігері етіп тағайындады. Ол тұралап қалған мал шаруашылығын төрт жыл ішінде аяғынан тік тұрғызды.

Осыдан соң Әбекеңнің жұлдызы оңынан туып, қызметі біртіндеп жоғарылай бастады. Алдымен аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бас дәрігері, кейіннен Талды ауданына қарасты ең артта қалған «Бакты» совхозына директор болды.

– Мен барған жылы қырсыққандай қыс жылы қабақ таныта қоймады. Мал азығы мөлшерден аз дайындалыпты. Қалай да қоғам малын аман алып шығудың жолын қарастырдық. Шалғайдағы Осакаров ауданына барып, 2,5 мың тонна шөпке әрең келістік. Оны қыстаққа жеткізу проблемаға айналды. Техника ескірген, бары жарамсыз. Сол кезде «Киргизия» совхозын басқарып отырған Дәурен Қарасартов ағамыз бір ауыз өтінішімізді жерге тастамай, азаматтық танытты. Өлгі шөпті 250 шақырым жерден шашу шығармай солардың техникаларымен тасп алдық. Ол дегеніңіз құруар қаржы емес пе? Қысылғанда көл ұшынан көмек көрсеткен Дәукене әлі күнге ризамын. Абырой болғанда сол жылы әр 100 бас аналықтан 87-ден қозы ертіп, аудан бойынша ең үздік көрсеткішке қол жеткіздік! – деп еске алады Әбекең. («Орталық Қазақстан» 20 наурыз, 2010 ж.)

– Осынау толағай табыс өздігінен келген жоқ. Абдолла әріптесім Бакты совхозының үлкен-кішісімен тез тіл табысып, қолынан іс келеді деген азаматтарды шаруашылықтағы жауапты учаскілерге тағайындап, жұмысын тез игеріп әкетті. Көпті көрген ауыл ақсақалдарымен ақылдасып, осында қызмет атқарып келе жатқан бас мамандардың пікірлерімен санасты. Соның нәтижесінде түсіністікпен жұмыс істейтін, ынтымағы жарасқан «қоманда» қалыптастырды. Аз уақыттың ішінде аталмыш совхоз аудандағы алдыңғы қатарлы шаруашылықтың тізіміне ілікті, – дейді танымал тұлға Дәурен Қарасартов.

Іскер азаматтың ілкімді іс-тәжірибесіне сырттай сүйсініп жүрген сол кездегі Егіндібұлақ ауданының басшысы Тілеубек Зей-



нешев Абдолла Төребековті қарамағындағы жаңа қызметке шақырды. Әбекең аға тілегін аяқсыз қалдырмай, 20 жыл бұрын еңбек жолын алғаш бастаған аудандық партия комитетінің екінші хатшысы (яғни, әкім орынбасары) болды. Бұл жауапты қызметтің тізгінін үш жыл ұстаған ол Т.Зейнешевтің асқан зейінділігінің арқасында халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайын жақсарту үшін біршама игілікті шараларды бірлесе атқарды.

1991 жылы Кеңес Одағы ыдырап, еліміз тәуелсіздікке қолы жетті. Осы тұста дүрілдеп тұрған партия қызметкерлері қайда барарын білмей басы қатып, көбісі жұмыссыз қалды. Мұның салқыны – өмір мектебінен өтіп, мол тәжірибе жинақтаған Абдолла Төребековке де тиді. Алқалы жиында аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы Темірболат Мәжитов: «Әбеке, менің орныма қызметке келіңіз...» – деп азаматтық танытты. Өрине, өзінің жайлы креслосын біреуге аяқ астынан бере салу оңай емес екенін жақсы түсінеміз! Дейтұрғанмен, бұл ел сыйлай білетін егіндібұлақтықтардың оның ішінде, Темкеңнің Абдолла Төребековке деген ерекше құрметі еді!

Әбекең сол жолы азаматтардың ақ пейіліне, шынайы қамқорлығына риза болып, басқа қызметке ауысты. Біраз жыл Молодежный ауданында жауапты қызметке еңбек етіп, қиын уақыттың ауыртпалығын қайсарлықпен жеңе білді. 1997 жылы аталмыш аудан қысқартылып, Осакаров ауданының құрамына қосылды. Жаңа ауданның әкімі болған Абдолла Төребеков осы жерде он жылға тарта жемісті еңбек етіп, абыройға бөленді.

«Осындайда ол не бітірді?» – деген сұрақ ойымызға оралатыны бар. Иә, халқының шексіз ризалығына бөленген Абдолла Маржанкөл совхозында Мәдениет үйін ашып, аудан мен Молодежный арасындағы бірнеше шақырымдық көтерме жолды асфальттады. Осакаровкада мектеп-интернат үйін жаңадан іске қосып, ата-аналардың көзайымына бөленді. Тіпті, аудан мектептерінде оқитын ең үздік оқушыларға ақшалай ай сайын арнайы стипендия төлетіп тұрды. Өрине, бұл бюджет қаржысынан емес, жергілікті шаруа қожалықтарының қоржынынан алынды. Осылайша, Абдолла Төребеков сол кезде білім саласына кішігірім «инвестор» тартудың тың тәсіліне түрен салды. Нәтижесінде оқушылардың білімге деген құштарлығы біршама артты. Бұған қоса аудан орталығында аурухананың жаңа ғимараты бой көтерді. Айта берсе, Әбекеңнің қолтаңбасы қалған дүниелер жетерлік.

Өмір – өзен. Сол өзеннің толқынды ағынымен жоғары өрлеген Абдолла ағамыз зейнеткерлікке шығар алдында 2007-2013 жылдары Қарағанды облыстық ауыл шаруашылық басқармасы бастығының орынбасары, кейін басшысы болып, аймағымыздың агроөнеркәсіп кешенін дамытуға қомақты үлесін қосты.

Мынандай қанатты сөз бар: «Сен маған

достарыңды көрсет, мен сенің кім екеніңді айтайын!» – деген. Осы аталы сөздің астарына бір сәт үңіліп көрейікші. Әбекең жайлы жазылған «Ғибратты ғұмыр» атты естеліктер кітабында бірге жүріп, қызметтес болған дос-жолдастары ол туралы сыр шертеді...

Сондай дос-жаранының әрі әріптесінің бірі мемлекет және қоғам қайраткері Қайдар Бурабаев былай дейді...

«Абдолла Төребекұлын қалай мақтап, қанша мадақтасаң да, ешкім де оны «жалған, шындыққа жанаспайды», – деп айтпас еді. Әбекеңді білетін азаматтар түгіл, бір көріп дастарқандас болған адамдар да ол туралы, жақсы пікірде қалатын. Оның адамгершілік, азаматтық қасиеті, жайсаң мінезі, жүрекке жылылық сыйлайтын мейірімі, бауырмалдығы мен пейілінің кеңдігі – кімді болсын баурап алатыны сөзсіз еді.

«Өзіңе сен, өзінді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап» – деген ұлы Абайдың ұлағатты сөзін ол өмір бойы берік ұстанып өтті. Бойындағы бар қажыр-қайратын еш аямады. Тынбай еңбектенді, сол адал еңбегінің жемісін де, жеңісін де көрді.

Әбекең – бақытты адам. Оның жарқын бейнесі көз алдымнан көлбепдеп кетер емес. Жаның жәннатта болсын, бауырым!» деп еске алады.

Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, мемлекет және қоғам қайраткері Тілеубек Зейнешев «Түркі әлемінің ұлы тұлғасы Жүсіп Баласағұн айтқан екен: «Жақсы адам ғана жақсы басшы бола алады», - деп. Сол айтқандай жақсы басшы болған, Абдоллай бауырымыздан ерте айырылып қалғаныма қатты өкінемін. Оның өмір жолы – еңбексүйгіштіктің, қоғамға адал қызмет етудің, адамгершілік асыл қасиеттердің жарқын үлгісі болып табылады.

Абдолламен ара қатынасымыз туған ағалы-інідей болды. Оған: «Менің інім жоқ еді, маған іні болшы», – дегенімде, ол: «Мен де аға жоқ, сіз аға болыңызшы», – деген еді. Екеуіміз де сол жерде тілектерімізді құба-құп қабылдадық. Ол жаны да, ары да аппақ қардай таза ардақты азамат еді», – дейді.

Иә, өмірі өкпелеуді білмейтін, күлімдеп көңілді жүретін Абдолла Төребеков 70-ші жылдардың алғашқы жартысында үйленіп, өз алдына шаңырақ көтерді. Бірде, белгілі ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Асылбек Жартыбаев: «Ағамыздың үйленгені қызық. Түсіне білгенге оның тәрбиелік мәні зор» дегені бар.

Әлкисса, Әбекең 1971 жылы Егіндібұлаққа алғаш келген күні дүкенге барыпты. Сол жерде Алтын деген сатушы қызға көзі түсіп, бірден ұнатып қалады. Махаббат сезімін жеткізу үшін, әлгі қыздың қолынан 1 сом 40 тынға «плиточный» шоколад сатып алып, сол жерде оны қак ортасынан бөліпті. Жартысын сатушыға қайта ұсынады да, қалған бөлігін өзіне қалдырады. Мұнысы: «Екі жарты қосылып, бір бүтін болайық» – дегені ғой. Келбеті келісті жігітті сатушы қыз да ұнатып қалса керек. Осылайша екі жастың сезім түйсігі шынайы махаббатқа ұласып, кейіннен отау құрды. Уақыт өте келе сол Алтын жеңгеміз екеуі Сымбат пен Рысбек атты ұл өсіріп, келін түсіріп, бірнеше немере сүю бақытына бөленді.

– «Азамат – аяғын туған жерге, арқасын туған елге тірейді» деген халқымыз. Сол айтқандай 45 жыл бауырымдай болып кеткен Арқаның алтын азаматтарын арқа тұттым. Михайл Шаекин, Қайдар Бурабаев, Дәурен Қарасартов, Тілеубек Зейнешев, Марат Райымбеков, Темірболат Мәжитов мені тәрбиелеп ержеткізді, көмектерін аямай, әрдайым ақыл-кеңесі мен қамқорлығын көрсетті. Бұлар – ақылшы ағам, өмірлік ұстазым болды. Өмірдегі бар бақытымды қасиетті Сарыарқаның жерінен таптым! – дейтін көзі тірісінде «Құрмет» орденінің иегері Абдолла Төребеков.

**Әли ТОЙЖІГІТ,**  
**Қазақстанның Құрметті журналисі**

Суретті түсірген автор

### • МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

## «Тілге құрмет – елге құрмет»

**Қазақстан халқы тілдері күніне орай Осакаров аудандық кітапханасында «Тілге құрмет – елге құрмет» атты аудандық байқау өтті. Шараның басты мақсаты – мемлекеттік тілді және Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін құрметтеуді насихаттау, жастардың тіл мәдениетін көтеру, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының тіл білімі саласына қосқан еңбегін дәріптеу болды.**

**Болатбек ӘШІМҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Әсем Ақылбекова қатысушыларға игі лебізін білдірді.

Жарыстың барысы өзін таныстыру (үш тілде), Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларынан үзінді оқу, сұрақ-жауап бөлімі сынды үш кезеңнен құралған. Қатысушылардың өнері мен білім-білігін құрамында аудандық мәдениет және тілдерді

дамыту бөлімінің басшысы Әсемгүл Ақылбекова, ішкі саясат бөлімінің басшысы Дина Қызыр және аудандық білім бөлімінің әдіскері Әлия Сәрсекеева болған қазылар алқасы бағалады.

Тартысты өткен байқау қорытындысында жүлдегерлер де анықталды. I орынға «Жастар» орталығының «Happy English» үйірмесінің оқытушысы Ләззат Леписпасева, II орынға А.Байтұрсынұлы атындағы мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Халипа Салдат ие



болса, III орынды «Нұрай» бөбекжайының қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жанерке Әбенова мен №9 гимназия базасындағы ресурстық орталықтың ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Румия Аралбаева бөлісті. «Балдырған» бөбекжайының педагог-психологы Ақерке Сәкен Алғыс хатпен марапатталды.

Тамашалай келген қауым байқау кезеңдерінің арасында аудан өнерпаздарының орындауындағы әсем әндерді тыңдап, рухани демалып қайтты. Тілдер күніне арналған байқау көпшіліктің көңілінен шығып, тілге құрметтің елге құрмет екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

**Осакаров ауданы**  
*Сурет «Sarybel» газетінің редакциясынан*

**Конкурс қорытындысы**  
2025 жылғы 08 қыркүйекте «Қарағанды облысының Балқаш қаласында кемінде 60 нөмірлі қоры бар «4» және «5» Жұлдыздар санатындағы қонақ үйді жобалау және салу» инвестициялық жобасын бірлесіп іске асыру үшін өткізілген конкурстың нәтижелері бойынша конкурстық комиссияның «Балқаш жібек жолы» ЖШС серіктесі анықталды (БСН 030340004078, жетекшісі Смағұлов Мейр Минкенұлы, мекенжайы: Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Амангелді көшесі, 29 үй)

д

**43-21-55**

**Жарнама бөлімінің байланыс телефоны**

• ӨНЕР ӨРІСІ

# Репертуарда кілең классика

Кеншілер мәдениет сарайында күйші-композитор, шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін қалаушы Тәттімбет Қазанғапұлының 210 жылдығына орай «GN Ғалымжан Нарымбетов» ансамблінің концерті өтті. Ансамбль репертуарында Тәттімбет Қазанғапұлының, Құрманғазының күйлері, Абайдың әндері, Нұрғиса Тілендиевтің, Жанбота Тұяқбайдың, жас композиторлар Данияр Бержапырақовтың, Арман Жайымның шығармаларымен қатар халық күйлерінен күй тартыс өнері қамтылған.



**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Концертте әйгілі музыкатанушы, ғалым Болат Сарыбай ежелгі Отырардан табылған сазсырнай, үйлек, құсайрауық секілді аспаптарда Эльмира Қашқымбаевамен бірге күй орындады. Тәттімбет күйлері басқа да халық аспаптары арқылы орындалды.

Ансамбль музыканттары жа-

һандық музыканың шедеврлерін де орындады. Тізімде аргентиналық Астор Пьяцолла мен француз Ришар Гальяно танголары бар. Ансамбльда Диана Макина мен Дэурен Раев есімді жерлестеріміз де өнер көрсетеді.

Баян, бандонеон, аккордеонда ойнайтын ансамбль жетекшісі, Ғалымжан Нарымбетов ансамбльге кез келген композицияны жоғары деңгейде ойнайтын шебер музы-

канттар жасақталғанын айтты.

— Көрерменнің ықыласына бөлену үшін, әлбетте, талантты музыканттар керек. Содан кейін репертуарға кілең классиканы алу — шарт. Әсіресе, қарағандылықтардың шеберлігін атап өткім келеді. Қарағанды — таланттардың өлкесі. Өнерлерін жоғары бағалаймын! Арқа тыңдармандарының өнерге, соның ішінде, музыкаға деген іңкәрлігі мені тәнті етті, — деді Ғалымжан Нарымбетов.



Ансамбль АҚШ-та өткен «Accordion Star International», Ұлыбританияда өткен «Euro Music Festival» халықаралық фестивалдерінде Гран-при алды. Италия, Франция, Швейцария, Бельгия, Ресей елдерінде өткен халықаралық байқауларда да лауреат атанған. Ансамбль Париждің атақты Гаво залында өнер көрсетті.

*Суреттер Кеншілер мәдениет сарайының баспасөз қызметінен*

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

# «Қыпшақ қызы Аппақ».

## Әлемдік премьера

Екі актілі «Қыпшақ қызы Аппақ» тарихи операсы елімізге белгілі композиторлар, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Серікжан және Әліби Әбдінұрұтар мен либретто авторы, ақын, композитор, дирижер, өнер зерттеушісі, есімі Қарағанды жұртшылығына жақсы таныс, аймақтың мәдени өмірінің дамуына үлкен үлес қосқан жерлесіміз Тілеуғазы Бейсембектің бірлескен еңбектерінің жемісі. Шығармашылық үштік шығарманы дүниеге әкелу үшін 2010 жылдан бері еңбектеніп, «Қыпшақ қызы Аппақ» операсының әлемдік тұсаукесер рәсімін «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театрында 2025 жылдың 5-6 желтоқсан күндері өткізуді жоспарлап отыр.

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Операға XII ғасырда өмір сүрген әзірбайжан халқының классик ақыны, түркі әлемінің ұлы ойшылы Низами Гәнжауи мен тұтқынға түскен қыпшақ қызы Аппақтың арасындағы мәлдір махаббат арқау болады. Туындының басты кейіпкері Аппақтың бойына кескін-келбет сұлулығына қоса түркі қыздарына тән инабаттылық, батылдық, туған еліне деген махаббат сезімі, адалдық, батырлық сияқты қасиеттер жинақталған. Операның негізгі мақсаты — тамыры мен тарихы бір түркітілдес бауырлардың

бірлігін, қазақ және әзірбайжан халықтарының достығын паш ету.

Шығарма мазмұны қазақтың сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің осы аттас драмасы негізінде, тарихи оқиға желісімен жазылғанымен, «Қыпшақ қызы Аппақ» операсы көшірме еңбек емес — назира.

Ағайынды композиторлар Серікжан және Әліби Әбдінұрұтардың операсы Қазақстан композиторлық мектебінің алыптары М.Төлебаев, А.Жұбанов, Қ.Қожамирянов, Ғ.Жұбанова, Е.Рахмадиевтердің ізін жалғастырып, XXI ғасырда қазақтың опера жанрын заманауи тілмен дамытып жаңа белестерге, әлемдік деңгейге көтеруді мақсат етеді.

• КИКБОКСИНГ

# Балқаш қызы топ жарды

Семей қаласында ересектер арасында кикбоксингтен ел біріншілігі жоғары деңгейде өтті. Айтулы дода бірден екі тарихи оқиғаға арналды: ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбаевтың 180 жылдығы мен елімізде кикбоксинг спортының дамуына 35 жыл толуы. Чемпионатқа еліміздің 20 өңірінен 200-ден астам спортшы қатысып, нағыз күш пен рух, шеберлік пен төзімділік сынға түсті. Спортшылар 12 салмақ дәрежесі бойынша өзара мықтыны анықтады. Балқаштық кикбоксшы, 48 келі салмақта өнер көрсеткен Гаухар Сайлаубек аталмыш турнирде қарсыластарына дес бермей, чемпион атанды.



**Нұрдос КӘРІМ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Финалда кикбоксшы былтырғы ел чемпионы, Тараз қаласының спортшысымен кездесіп, 2:1 есебімен жеңіске жетті. Гаухардың айтуынша, Абай облысының өкілдерімен болған жекпе-жек те оңайға соқпаған.

— Бұл жарыс мен үшін өте маңызды болды. Жеңісімді туған жеріме арнаймын. Алда үлкен бәсекелер күтіп тұр. Біз-кентте өтетін Әлем кубогына және Абу-Даби қаласында өтетін халықаралық турнирге жолдама алдық. Соған дайындықты бастай-

мыз, — дейді чемпион.

Гаухардың бапкері, кикбоксингтен аға жаттықтырушы Дулат Саметов шәкіртіне біраз демалыс беріп, алдағы жарыстарға тынғылықты дайындық жүргізілетінін жеткізді.

Айта кетейік, Гаухар Сайлаубек — кикбоксингтен Қазақстан Республикасының спорт шебері. Қазақстанда бес дүркін ел чемпионы атанған, әлем арена-ларында көк байрағымызды көкте желбіреткен спортшы.

**БАЛҚАШ**

*Сурет кейінкердің мұрағатынан*

• БОКС

# Қоржынға қола түсе бастады

Бокстан Ұлыбритания астанасы Ливерпульде өтіп жатқан 2025 жылғы әлем чемпионаты да аяқталуға жақын қалды. Отандастарымыз ширек финалдың қорытындысы бойынша сегіз жүлдені қоржынға салды. Солардың қатарында 65 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен жерлесіміз Аида Әбікеева да бар. Бірнеше боксшымыз да жарыс жолынан шығып қалды. Олай болса, жарыстың жетінші күнгі қорытындысына назар аударайық...

**Ербол ЕРБОЛАТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аида Әбікеева ширек финалда 2020 жылғы Олимпиада чемпионы түркиялық Бусеназ Сиорменлимен жұлдырасты. Бұған дейін қос қарсылас Астанада өткен Әлем кубогында қолғап түйістірген болатын. Өкінішке қарай, Аида ол жекпе-жекте есе жіберген. Осы жолы ширек финалда кездесіп, бұл жолы қателікке бой алдырмады. Түркиялық боксшы — осал емес. Осы жолы да жеңіс қарсыласқа өтіп кете ме деген іштей қорқыныш болды. Алайда, жерлесіміз бұл турнирге мүлдем басқа деңгейде өнер көрсетті. Алғашқы минуттан-ақ шабуыл жасап, барынша қысапқа алды. Қорғаныс-



та да керемет қорғана білді. Нәтижесінде жерлесіміз төрешілердің бірауыз шешімімен жеңіске жетіп, сенсация жасады. Ал, Олимпиада чемпионы осы жерден жарыс жолынан шығып қалды.

Ұлттық құрама сапында 51 келіде жұлдырықтасқан Алуа Балқыбекова да Тайбэй боксшысы И-Сюань Гуомен кездесуінде жеңіске жетті. Сонымен қатар, 80 келіден жоғары салмақтағы Елдана Тәліпова, 80 келіге дейінгі салмақтағы Гүлсая Ержан да қарсыластарынан басым түсті. Бірақ, 57 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Карина Ибрагимованың жұлдызы оңынан тұмады. Ол «Париж-2024» Олимпиадасының күміс жүлдегері Польша боксшысы Юлия Шереметамен кездесіп, есе жіберді. Отандасымыз

алғашқы раундта қарсыласынан басым түскен еді. Дегенмен, польшалық боксшы екінші және үшінші раундта кездесуді өз пайдасына шешіп, Каринаны жарыс жолынан шығарды.

Ерлер құрамасы сапында 55 келіге дейінгі салмақтағы қолғап түйістірген Махмұд Сабырхан жапониялық Руй Ямагучиді жеңді. 70 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен бауыры Төрехан Сабырхан да жүлдегерлер қатарына ілікті. 90 келіге дейінгі салмақтағы Сағындық Тоғамбай да жүлдегерлер қатарында. Ол өзбекстандық Турабек Хабибуллаевпен қолғап түйістіріп, ел қоржынын жүлдемен қамтамасыз етті. 90 келіден жоғары салмақта Айбек Оралбай Хорватия елінің өкілі Лука Пратлячичпен өзара мықтыны анықта-

ды. Үш раунд бойы хорватиялық қарсыласына еш мүмкіндік бермей, жүлдегерлер қатарына ілікті.

Өкінішке қарай, ерлер құрамасы сапынан жарыс жолынан шығып қалған боксшыларымыз да жоқ емес. 60 келіге дейінгі салмақтағы Бейбарыс Жексен ширек финалда «Париж-2024» Олимпиадасының жеңімпазы өзбекстандық Абдумалик Халоконпен кездесті. Өкінішке қарай, отандасымыз чемпионнан айласын асыра алмады. Одан бөлек, 65 келіге дейінгі салмақтағы шаршы алаңға көтерілген Ертуған Зейнуллинов та ширек финалда «Париж-2024» Олимпиадасының чемпионы өзбекстандық Асадхуджа Муйдинхужаевтан жеңіліп қалды.

«Париж-2024» Олимпиадасының күміс жүлдегері, 80 келіге дейінгі салмақта қолғап түйістірген Нұрбек Оралбай өкінішке қарай әлем чемпионатын медальсіз аяқтады. Отандасымыз 1/4 финалда өзбекстандық Жавахир Уматлиевпен кездескен болаты. Айта кетейік, Нұрбекке осыдан біршама уақыт бұрын ота жасалған еді. Отадан кейін қайта қалыпқа келіп, шаршы алаңға шыққан спортшының әлі де бабына келе алмай жүргенін көруге болады. Өрине, жұлдырықтасуына мін таға алмаймыз. Дегенмен, әлі әлем чемпионы деңгейіне жете қоймағаны байқалды.

*Сурет olympic.kz*

• БӘРЕКЕЛДІ!

# Ділде дара шықты

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Балқаш қаласындағы №12 мектептің 11-сынып оқушысы Ділде Еркебаева Нью-Йорк ғылым академиясының халықаралық Junior Academy бағдарламасына қабылданды. Бұл — әлем бойынша мыңдаған үміткер арасынан 5-10 пайызы ғана іріктелетін беделді жоба. Ділде — осындай ерекше мүмкіндікке ие болған бес қазақстан-дықтың бірі.

Дарынды оқушы математика, психология, антропология және тіл үйренумен қатар, спортпен де айналысады. Ділде тәртіп пен табандылықты спорт арқылы дамытқанын айтады. Бағдарламаға өтінімді өзі толтырып, жетістіктерін, еріктілік тәжірибесін және IELTS емтиханынан 6.5 балл жинағанын көрсеткен.

— АҚШ-тың білім беру жүйесінде тек оқу үлгерімі ғана емес, қоғамға қосқан үлесің де маңызды. Сондықтан, мен Steam Fest Balkhash волонтерлік жобасы мен Inclusive Academy ая-

сында ерекше оқушыға математикадан сабақ бергенімді жаздым, — дейді жерлесіміз.

Қазір Ділде басқа елдердің оқушыларымен бірге команда құрып, күн энергиясы тақырыбына жоба дайындап жатыр. Жобаны қорғау мен онлайн сабақтар жақын күндері басталмақ.

Нью-Йорк ғылым академиясының бағдарламасына қатысу — Ділденің білім портфолиосын байытып, болашақта шетелдік үздік университеттерге, үлкен ғылымға жол ашатынын атап өткен жөн.

**ORTALYQ QAZAQSTAN**

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор  
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары  
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары  
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор  
Е.К. МҰСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары  
Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы  
А.Ә. СОВЕТ  
Жауапты хатшы  
С.Б. ПЛИЯШ

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншіктік тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ый.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJBCZKX БИН 000840001412

Тарапымыз 3 512

№100 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ